**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ұшуға пайдалану және ұшуға жарамдылықта ұстау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуі мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестицилар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 499 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Ұшуды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандарты;

9) «Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) «Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) «Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

12) «Авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

13) «Азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

14) «Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ 400 қаулысымен
бекітілген

## «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:
азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру – 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;
азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (куәліктің телнұсқасы).
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз және/немесе электрондық түрде.
Куәлікті көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.
Көрсетілетін қызметті алушы порталда азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.
7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.
Азаматтық әуе кемесін тіркеу үшін алым төлемі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.
Азаматтық әуе кемесін тіркеу үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:
1) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 7 айлық есептік көрсеткіш;
2) азаматтық әуе кемелерін қайта тіркеу үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 7 айлық есептік көрсеткіш;
3) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың

телнұсқасын беру үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 3,5 айлық есептік көрсеткіш.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушыға:

куәліктерді алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш:

1) азаматтық әуе кемесін алғаш мемлекеттік тіркеу кезінде:

азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

сату-сатып алу шартының, сот шешімінің немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі;

жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі;

азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші әзірлеген азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің көшірмесі;

азаматтық әуе кемесінің мемлекеттік авиация тізілімінен немесе шетел мемлекетінің азаматтық әуе кемелерінің тізілімінен алып тасталғанын растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатының көшірмесі (әуе кемесін айдап әкелген кезде);

әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттар (әуе кемесінің мақсаты өзгерген жағдайда);

дайындаушы зауыт берген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы уақытша куәлігі (әуе кемесін дайындаушы зауыттан сатып алған жағдайда);

көрсетілетін қызметті беруші не шет мемлекет, әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын халықаралық азаматтық авиация ұйымы берген және көрсетілетін қызметті беруші таныған оның ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификатының немесе оған балама құжаттың көшірмесі;

пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуды орындауға құқық беретін куәліктің көшірмесі (болған жағдайда);

жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі* немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

2) азаматтық әуе кемесінің меншік иесі өзгерген кезде:

азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

сату-сатып алу шартының көшірмесі, сот шешімінің немесе меншік құқығы ауысқанын растайтын өзге де құжат;

жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының көшірмесі, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат (болған жағдайда);

азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуды орындауға құқық беретін куәліктің көшірмесі (болған жағдайда);

жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе меншік иесінің және/немесе пайдаланушының заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

3) әуе кемесін қайта жабдықтаудан кейін мақсаты өзгерген жағдайда:

азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттар;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі;

меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

4) азаматтық әуе кемесінің пайдаланушысы өзгерген кезде:

жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының көшірмесі, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат;

азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуды орындауға құқық беретін куәліктің көшірмесі;

меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі

тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;
азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.
Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) расталады.
Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады:
азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің жоғалу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттар;
жарамсыз болып қалған мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бүлінген жағдайда);
көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.
Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;
порталға:
көрсетілетін қызметті алушы азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді алу үшін (алғашқы мемлекеттік тіркеу кезінде, меншік иесі өзгерген кезде, әуе кемесінің мақсаты өзгерген кезде, пайдаланушы өзгерген кезде) осы тармақта тізбеленген құжаттардың электрондық түрдегі құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.
Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:
көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетілген, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;
портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетілген,

мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:
жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;
заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.
11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.
13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.
14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.
15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Азаматтық авиация комитетінің төрағасы
________________________________
(Т.А.Ә.)

**Өтініш**

Меншік иесі: ______________________________________________

Пайдаланушы: _____________________________________________

тиесілі ____________________________________________ әуе кемесін

(әуе кемесінің типі)

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері тізіліміне енгізуді (өзгерістер енгізуі) және оған Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруді (ауыстыруды) сұраймын.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Азаматтық әуе кемесі бұрын тіркелген мемлекет:

_______________________________________________________________

2. Айырым белгісі: _________________________________________

3. Сериялық (зауыттық) нөмірі: ______________________________

4. Зауыттан шығарылған күні: (күні, айы, жылы) _______________

5. Жасап шығарушы (зауыт, мемлекет): _______________________

6. Азаматтық әуе кемесінің мақсаты: _________________________

7. Азаматтық әуе кемесінің класы: ___________________________

8. Қозғалтқыштың қуаты (кВт): ______________________________

9. Соңғы жөндеуден өткен күні және орны: ____________________

10. Кім және қашан техникалық қарап-тексеруді немесе ұшу сынағын жүргізді: ______________________________________________

11. Азаматтық әуе кемесінің жөндеуге дейінгі ресурсының қалдығы: (сағат, қону, жыл) ____________________________________

12. Орналасқан жері: _________________________________________

13. Әуе кемесіне құқық түрі (қажеттісінің астын сызыңыз):

1) меншік құқығы;

2) пайдалану құқығы;

3) жедел басқару құқығы;

4) шаруашылық басқару құқығы.

14. Шарт нөмірі және сатып алу күні:

Меншік иесі: № ___________ 20 _________ ж. «__________» _______

Пайдаланушы: № __________ 20 _________ ж. «__________» ________

15. Меншік иесінің түрі (қажеттісінің астын сызыңыз):

1) заңды тұлға;

2) жеке тұлға;

16. Құжаттың санаты: (Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, жеке куәлік, паспорт)

17. Құжаттың сериясы және берілген күні: № __ 20 __ ж «___» ___

18. Заңды тұлғаның атауы: ________________________________________
19. Т.А.Ә., туған күні: _______________________ 20_ ж. «__» _____
(жеке тұлғалар үшін)
20. БИН/ЖСН (болған жағдайда): ___________________________________
21. Келген орны: (облыс, аудан, елді мекен, көшесі, үй нөмірі, пәтер) _______
_____________________________________________________________
22. Телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы: _______________
23. Алым сомасы, нөмірі және күні: № ___ 20 __ ж. «___» ___ тг.

Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі:

_______________________________ ____________________________________

(басшының қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20 __ ж. «___» ___________

_____________________________________ ___________________________________

(басшының қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20 __ ж. «___» ___________

«Қазақстан Республикасының азаматтық
әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу
туралы куәлік беру» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

«БЕКІТЕМІН»
Ұйымның бірінші басшысы
__________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20 __ ж. «__» _________

## Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі

Мынадай құрамдағы комиссия:
Төраға _____________________________________________________________,
(лауазымы, Т.А.Ә.)
Комиссия мүшелері ______________________________________________________
_________________________________________________________________________
_________________________________________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)
20 ___ ж. ___________ _______________ техникалық тексеру жүргізді.
_________________________________________________________________________

(азаматтық әуе кемесінің типі және тағайындалуы) мемлекеттік және тіркеу айырымдық белгілері ________________________

________________________________________________________________

сериялық (зауыттық) нөмірі:

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Зауыттан шығарылған күні | |
| Тағайындалған ресурс | _____ сағат ____ қону __________ жыл |
| Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы | _____ сағат ____ қону __________ жыл |
| Жүргізілген жөндеу саны | |
| Соңғы жөндеу жүргізілген күні және орны | |
| Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы | _____ сағат ____ қону __________ жыл |
| Жөндеу жүргізгенге дейінгі ресурс қалдығы | _____ сағат ____ қону __________ жыл |
| Жөндеу аралық ресурс | _____ сағат ____ қону __________ жыл |

2. Әуе кемесінің ресурсын ұзарту негізі ________________________

3. Қозғалтқыштың ресурсын ұзарту негізі _______________________

М.О. ________________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

4. Қозғалтқыш және әуе бұрандалары туралы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Қозғалтқыш/әуе бұрандасы Типі | 1-ші 2-ші 3-ші 4-ші қосалқы күштік қондырғы/ бас редуктор |
| Зауыттық нөмірі | |
| Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы (сағат) | |
| Соңғы жөндеу жүргізілген күні | |
| Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат) | |
| Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат) | |
| Жөндеу жүргізілгенге дейінгі ресурс қалдығы ( сағат) | |
| Жүргізілген жөндеу саны | |

5. Әуе кемесі ______________________________ көлемде тексерілді, (кезеңдік техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу нысаны) бұл туралы формулярға жазба жасалынды _______________________________

(күні)

6. Әуе кемесінің жабдықталуы ___________________________________

7. Әуедегі қақтығысты ескертетін борттық жүйенің болуы

________________________________________________________________

8. Осы әуе кемесінің типі осы актіні жасау күніне дейінгі орындалуға міндетті барлық пысықтаулар орындалды;

бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясында өзгерістер жоқ.

М.О. ____________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

9. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы өзгерістерді бекіткен ұйым, бекітілген күні ______________________________

10. Комиссияның азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылық және ұшуға жарамдылығы сертификатын (қолдану мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы қорытындысы _______________

Төраға: ______________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: ________________________________________

____________________________________________________________

М.О. ____________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

11. Пайдаланушының инженерлік-авиациялық қызмет бастығының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы (оның ішінде қажетті жабдығы болған жағдайда халықаралық трассалар бойынша ұшу) туралы қорытындысы.

____________________________________________________________

Төраға:______________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: ________________________________________

М.О. ____________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

12. Актінің әрбір беті комиссия төрағасының қолымен және пайдаланушының мөрімен расталуы тиіс.

13. Актінің қолданылу мерзімі бекітілген күннен бастап бір ай.

Ескертпе: - 11-тармақта Инженерлік-авиациялық қызмет басшысы мынадай қорытынды жасайды:

«Ұшақ (тікұшақ) техникалық ақауы жоқ және пайдалануға жарамды» немесе «Ұшақ (тікұшақ) техникалық бұзылған және пайдалануға жарамсыз».

«Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

**Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі**

____________________________________________________________

(уәкілетті органның атауы)

20 __ жылғы «__» ________ № ___ бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға: ___________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

Комиссия мүшелері: ________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

____________________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

____________________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

№ ______________________________ әуе кемелеріне бағалау жүргізді

(ұйымның атауы)

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні

Төраға: ________________________________ ________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

Комиссия мүшелері ________________________ ______________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

_________________________ _____________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

Сараптама актісімен таныстым:

Ұйым басшысы ___________________________ __________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

«Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы

___________________________________

(Т.А.Ә.)

**Өтініш**

Меншік иесі: ______________________________________________
Пайдаланушы: ______________________________________________
тиесілі ____________________________________________ әуе кемесіне
20 ___ ж. «___» __________________ № __________ Азаматтық әуе
(әуе кемесінің типі)
кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беруді сұраймын.

Ауыстыру (телнұсқасын алу) себебі ____________________________

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Айырым белгісі: ___________________________________________
2. Сериялық (зауыттық) нөмірі: _______________________________
3. Зауыттан шығарылған күні: (күні, айы, жылы) _______________
4. Жасап шығарушы (зауыт, мемлекет) __________________________
5. Азаматтық әуе кемесінің мақсаты ___________________________
6. Азаматтық әуе кемесінің класы: ____________________________
7. Қозғалтқыштың қуаты (кВт): ________________________________
8. Соңғы жөндеуден өткен күні және орны: _____________________
9. Кім және қашан техникалық тексеру немесе ұшу сынағын жүргізді: ______________________________________________
10. Азаматтық әуе кемесінің жөндеуге дейінгі ресурсының қалдығы: (сағат, қону, жыл) _______________________________
11. Орналасқан жері: __________________________________________
12. Әуе кемесіне құқық түрі (қажеттісінің астын сызыңыз):
1) меншік құқығы;
2) пайдалану құқығы;
3) жедел басқару құқығы;
4) шаруашылық басқару құқығы.
13. Шарт нөмірі және сатып алу күні:
Меншік иесі: № __________ 20 _______ ж. «__» _______________
Пайдаланушы: № __________ 20 _______ ж. «__» _______________
14. Меншік иесінің санаты (қажеттісінің астын сызыңыз):
1) заңды тұлға;
2) жеке тұлға;
15. Құжаттың санаты: (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, жеке куәлігі, паспорт)
16. Құжаттың сериясы және берілген күні: № __ 20 __ ж. «__» ___

17. Заңды тұлғаның атауы:

18. Т.А.Ә., туған күні: «___» ___ 20 __ ж. (жеке тұлғалар үшін)

19. БИН/ЖСН:

20. Келген орны: (облыс, аудан, елді мекен, көшесі, үй нөмірі, пәтер)

21. Телефон, факс нөмірі және e-mail адресі:

22. Алым сомасы, нөмірі және күні: № __ 20 __ ж. «__» __ __ тг.

Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі:

__________________________________ ______________________________

(басшының қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. № ______ 20 __ ж. «__» _________

Азаматтық әуе кемесін пайдаланушы:

__________________________________ ______________________________

(басшының қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. № ______ 20 __ ж. «__» _________

«Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

## Электрондық құжат нысанындағы өтініш

1. ЖСН ______________________________________________

2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы _________________________________

3. Әуе кемесінің тізілімдегі нөмірі ___________________________

4. Тізілімге әуе кемесін енгізу күні ___________________________

(күні/айы/жылы)

5. Әуе кемесінің үлгісі ______________________________________

6. Әуе кемесінің мақсаты:

| | |
|---|---|
| 1. Жолаушылар<br>2. Көлік<br>3. Ауысымды<br>4. Жүк-жолаушылар | 5. Арнайы мақсатта<br>6. Санитарлы<br>7. Оқу |

7. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ___________________

8. Әуе кемесінің жасалған күні ___________________________________

(күні/айы/жылы)

9. Жасап шығарушының атауы ____________________________________

10. Жасап шығарушы – мемлекет __________________________________

11. Үлгі сертификатының (немесе балама құжаттың) нөмірі _______

12. Үлгі сертификатының (немесе балама құжаттың) берілген күні ___________________________________________

(күні/айы/жылы)

13. ӘК данасының орналасқан жері ______________________________

14. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы ___________________________________________

15. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның мекенжайы _________________________________________

16. Пайдалану басталғаннан бергі әуе кемесінің ұшуы __________________ сағ. _________________ қонуы _________________ жыл

Әуе кемесінің соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы __________________ сағ. _________________ қонуы _________________ жыл

17. Жөндеуге дейінгі ресурстың қалдығы __________________ сағ. _________________ қонуы _________________ жыл

18. Массасы, кг ___________________________________________

19. Орталықтандыру, % САХ ___________________, ________________

20. Пайдаланушының техникалық жай-күйін тексеру актісін бекіткен күні ___________________________________________

(күні/айы/жылы)

21. Техникалық тексеруді кім жүргізді __________________________

22. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым ___________________________________________

23. Орындаған күні ___________________________________________

(күні/айы/жылы)

24. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер (егер болса) ___________________________________________ ___________________________________________

25. Техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер (егер болса) ___________________________________________ ___________________________________________

26. Техникалық қызмет көрсету регламентіне енгізілген өзгерістер (егер болса) ___________________________________________ ___________________________________________

27. RVSM бойынша әуе кемесіне ұшуға рұқсат беру туралы ақпарат Көзделмеген/рұқсат етілген

28. Әуе кемесіне ИКАО санаты бойынша ұшуға рұқсат берілген I, II, III, санаты жоқ

29. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша деректер ________________________________________________________________

________________________________________________________________

30. Әуе кемесіне ұйымдастырылған тректер жүйесінде (OTS) рұқсат беру бойынша деректер

Көзделмеген/рұқсат етілген

31. Электрондық поштаның (ол болған жағдайда) мекенжайы _______

32. Тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса) ________________________________________________________________

33. Ұйымның толық атауы (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)

________________________________________________________________

34. Басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса) ________________________________________________________________

35. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)

________________________________________________________________

36. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің телефоны (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)

________________________________________________________________

37. Тіркелген құжаттар:

1. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)

2. ӘК техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау актісінің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)

3. Әуе кемесін жалдау шартының сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)

4. Әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің сканерлік көшірмесі(бар, жоқ)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

**«Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру – күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешімнің телнұсқасын беру – күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім (шешім телнұсқасы).

Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешімді электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1. осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2. шет мемлекет берген әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) шет мемлекет берген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының көшірмесі;

4) пайдаланушы сертификатының көшірмесі (азаматтық авиация саласындағы көрсетілетін қызметті беруші берген авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік көшірмелері, ұшуды орындау құқығына арналған куәлік көшірмелері);

5) шет мемлекет берген жергілікті жердегі шуыл бойынша сертификат көшірмесі;

6) әуе кемесін қайта жабдықтау жөніндегі құжаттардың көшірмесі (егер осы әуе кемесі қайта жабдықталған болса);

7) әуе кемесі тіркелген авиациялық билік орындарымен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 83 bis-бабының шеңберінде жасалған әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын қолдау рәсімдерін белгілеу бойынша келісім немесе Қазақстан Республикасының авиациялық билік орындары мен әуе кемесі тіркелген мемлекеттердің авиациялық билік орындары арасындағы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын қолдау рәсімдері бойынша жауапкершілігі шектелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

8) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға міндетті түрде берілетін әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және әуе кемесін қауіпсіз пайдалануға қатысты ұшуға жарамдылығы директивалары, бюллетендері, әуе кемесін және қозғалтқыштарын жасап шығарушылармен жасалған шарттардың көшірмесі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының қолы және мөрімен куәландырылады.

Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы

сертификатын тану туралы шешімнің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

Порталға:

азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешімді алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін

көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Заңды тұлғаның шағымында – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

**Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын тануға өтінім**

____________________________________________________ тиесілі ________________________________________________ тізіліміне
(мемлекет атауы)
________ ж.«___» _____________ № __________________ енгізілген ________________________________________________ әуе кемесіне
(әуе кемесінің типі, айырым белгісі)
№ ___________________________ ұшуға жарамдылығы сертификаты жарамды деп тану туралы шешім беруді сұраймын.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Тип сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі
1) әуе кемесі ________________________________________________
2) қозғалтқыштар _____________________________________________
3) әуе бұрандалары ___________________________________________
2. Мемлекеттік және тіркеу белгілері ___________________________
3. Әуе кемесінің типі және мақсаты _____________________________
4. Әуе кемесінің жасалған күні және сериялық нөмірі ___________
5. Соңғы жүргізілген жөндеудің күні мен орны __________________

6. Әуе кемесінің ұшуы
1) пайдалану басталғаннан бергі:_____ сағат ____ қонуы ____ жыл
2) соңғы жөндеуден кейін: __________ сағат __ қонуы _______ жыл
7. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы:___ сағат ____ қонуы ___ жыл
8. Қозғалтқыштардың түрі және саны _____________________________
9. Әуе бұрандаларының түрі _____________________________________
10. Мыналардың: а) ұшып көтерілудің ________ б) қонудың _______

ең жоғары массасы

11. Орындар саны: а) жолаушылар ____________ б) экипаж ________

12. Жергілікті жердегі шуыл жөніндегі куәлік __________________

13. Әуе кемесінің меншік иесі және оның мекенжайы _____________

14. Әуе кемесін пайдаланушы, пайдаланушы куәлігінің нөмірі және оның заңды мекенжайы ______________________________________________

15. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның атауы ________________________________________________________________

М.О. ______________________________________________________

(лауазымы)

20 _____ ж. «____» _________ ________________________________

(қолы, Т.А.Ә.)

Авиакомпанияның Инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы ______________________

________________________________________________________________

М.О. ______________________________________________________

(лауазымы)

20 ______ ж. «____» _________ _______________________________

(қолы, Т.А.Ә.)

«Азаматтық әуе кемелерінің шет
мемлекет берген ұшуға жарамдылығы
сертификатын тану туралы шешім беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

**Шешімнің телнұсқасын алуға өтінім**

_______________________________________________________ тиесілі

____________________________________________________ тізілімге

_____ ж. «______» ________________________ № _______ енгізілген

___________________________________________________ әуе кемесіне

(әуе кемесінің типі, айырым белгісі)

№ ____________________ ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешімнің телнұсқасын беруіңізді сұраймын.

Ауыстыру себебі (телнұсқаны беру) _____________________________

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Типі ________________________________________ әуе кемесінің қолданылу мақсаты __________________________________________________

2. Ұлттық және тіркеу белгілері ________________________________

3. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі __________________

4. Әуе кемесінің жасалған күні ________________________________

5. Тип сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі _______

6. ИКАО _______ санаты бойынша ұшуға рұқсат етілген әуе кемесі.

7. Соңғы жөндеудің жүргізілген күні мен орны _________________

8. Әуе кемесінің ұшуы

1) пайдалана басталғаннан бергі: ____ сағат ____ қонуы ____ жыл

2) соңғы жөндеуден кейін: ____ сағат _______ қонуы ________ жыл

9. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы: ____ сағат ___ қонуы __ жыл

10. Массасы, кг _____________________________ орталықтандыру, % аэродинамикалық хордасы (ОАХ) ______________________________________

11. Пайдаланушы комиссиясының әуе кемесіне жасаған техникалық жай-күйі актісінің бекітілген күні __________________________________

12. Пайдаланушының заңды мекенжайы, телефоны, факсі ___________

____________________________________________________________________

М.О.

________________________________________

(лауазымы)

20______ж. «____»_________ ____________________________________

(қолы, Т.А. Ә.)

Авиакомпанияның Инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

М.О.

________________________________________

(лауазымы)

20______ж.«____»_________ _____________________________________

(қолы, Т.А. Ә.)

«Азаматтық әуе кемелерінің шет
мемлекет берген ұшуға жарамдылығы
сертификатын тану туралы шешім беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

**Электрондық құжат нысанындағы**
**өтініш**

______________________________________________________ тиесілі
___________________________________________________ тізіліміне
(мемлекет атауы)
_________ ж.«___» _____________ № __________________ енгізілген
__________________________________________________ әуе кемесіне
(әуе кемесінің типі, айырым белгісі)
№ ___________________________ ұшуға жарамдылығы сертификаты жарамды деп тану туралы шешім беруді сұраймын.
Әуе кемесі туралы деректер:
1. Тип сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі
1) әуе кемесі ________________________________________________
2) қозғалтқыштар ____________________________________________
3) әуе бұрандалары __________________________________________
2. Мемлекеттік және тіркеу белгілері ___________________________
3. Әуе кемесінің типі және мақсаты _____________________________
4. Әуе кемесінің жасалған күні және сериялық нөмірі ___________
5. Соңғы жүргізілген жөндеудің күні мен орны __________________
6. Әуе кемесінің ұшуы
1) пайдалана басталғаннан бергі:_____ сағат ____ қонуы ____ жыл
2) соңғы жөндеуден кейін: __________ сағат __ қонуы _______ жыл
7. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы:___ сағат ____ қонуы ___ жыл
8. Қозғалтқыштардың түрі және саны _____________________________
9. Әуе бұрандаларының түрі _____________________________________
10. Мыналардың: а) ұшып көтерілудің ________ б) қонудың _______ ең жоғары массасы
11. Орындар саны: а) жолаушылар ____________ б) экипаж ________
12. Жергілікті жердегі шуыл жөніндегі куәлік __________________
13. Әуе кемесінің меншік иесі және оның мекенжайы _____________
14. Әуе кемесін пайдаланушы, пайдаланушы куәлігінің нөмірі және оның заңды мекенжайы ____________________________________________
15. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның атауы ______________________________________________________________
М.О. ____________________________________________________________
(лауазымы)

20_____ ж. «____» _________ ____________________________________
(қолы, Т.А.Ә.)

Авиакомпанияның Инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы ______________________
________________________________________________________________

М.О. ____________________________________________________________
(лауазымы)

20______ж. «____»_________ ______________________________________
(қолы, Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

# «Ұшуды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ұшуды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға ( бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

ұшуды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы):

сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті ( турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды (ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгеріс енгізуге) пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін – комиссия жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыны тексеру актісін жасаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн;

Ескерту: бұл ретте осы стандарттың қолданысы сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан кем болатын ұшақтарды және сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға таралмайды.

ұшуды орындау құқығына куәліктің телнұсқасын беру (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы) – күнтізбелік 10 (он) күн;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ұшуды орындау құқығына куәлік (куәлік телнұсқасы) (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы).

Ұшуды орындау құқығына куәлікті (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы) (телнұсқа) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (

турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды (ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгеріс енгізуге) пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын ұшақтарда және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (турбиналы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарда (ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгеріс енгізуге) ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті алу үшін өтінім, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

мемлекеттік қызметті алушының мыналарды қамтитын ақпараты:

заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (БСН), салық төлеуші куәлігінің көшірмелері;

жеке тұлғалар үшін – жеке куәліктің және салық төлеуші куәлігінің (ЖСН) көшірмелері;

көрсетілетін қызметті алушының тіркелген атауы;

көрсетілетін қызметті алушының негізгі қызмет орнының мекенжайы;

көрсетілетін қызметті алушының негізгі қызмет орнының, елдің кодын қоса алғанда, телефон нөмірі мен факсі, бар болса электрондық поштасының мекенжайы;

жоспарланған ұшу түрлері;

ұшу өңірлері (аудандары);

әуе кемелеріне арналған деректер және пайдалану бойынша шектеулер;

әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

ұшу жұмысын ұйымдастыру;

ұшуды қамтамасыз ету;

2) ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі;

3) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты басшылық құрамы мен авиациялық мамандардың міндеттерімен жауапкершілігін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар;

4) экипаждың жұмысы және демалыс уақыты туралы ереже, оның ішінде ең аз экипаж құрамымен (Нақты әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес) және күшейтілген экипажбен немесе бір әуе кемесінде екі экипажбен ұшу кезінде;

5) басшылық құрамы мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты авиациялық мамандар жөніндегі деректер;

6) командалық-ұшу, нұсқаушы және ұшқыштар құрамы туралы деректер:

лауазымы;

тегі, аты, әкесінің аты;
бастапқы дайындығы;
класы, нөмірі, ұшқыштар құрамы куәлігінің қолданылу мерзімі, кім берді;
жалпы ұшу;
әуе кемесінің типі бойынша әуе кемесінің командирі ретінде ұшу, минимум, қатарға өту (өтетін) құжаттың атауы, соңғы біліктілігін тексеру күні (ұшуды басқару техникасы, ұшақты жүргізу, ұшудағы практикалық жұмыс);
медициналық куәландыру, куәліктің қолданылу мерзімі;
ағылшын тілінде байланыс жүргізуге рұқсат беру, аяқтағаны туралы құжат нөмірі, кім және қашан берді;
мамандығы бойынша соңғы біліктілікті арттыру курсы;
ағылшын тілі бойынша соңғы біліктілікті арттыру курсы;
авариялық жағдайда әрекет ету бойынша оқу және машықтарын қолдау;
соңғы жұмыс орны (ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі);
7) негізінде ұшу қызметі жүзеге асырылатын құжаттардың тізбесі;
8) пайдаланушының басшысы бекіткен және азаматтық авиация саласындағы көрсетілетін қызметті берушімен келісілген Ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
9) пайдаланушының басшысы бекіткен және азаматтық авиация саласындағы көрсетілетін қызметті берушімен келісілген ең аз жабдықтар тізбесі (MEL);
10) негізінде техникалық қызмет көрсету жүргізілетін құжаттардың тізбесі;
11) пайдаланушының басшысы бекіткен техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушының нұсқаулығы;
12) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің, ұшуға жарамдылық сертификаттарының, радиостанцияларға арналған рұқсаттың (лицензиясы), әуе кемелерінің жергілікті жерлердегі шуылы бойынша сертификаттардың көшірмелері;
13) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері;
14) ұшуды қамтамасыз ету, әуе кемелерін бірлесіп пайдалану, авиациялық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету шарттарының көшірмелері;
15) пайдаланушының басшысы бекіткен әуе кемелері бояуының үлгілері және мәтіндік сипаттамасы;
16) азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін болдырмау бойынша шаралар туралы құжаттар;
17) халықаралық ұшуға арналған құжаттар:
халықаралық ұшуды орындау үшін нормативтік және ұшу құжаттамасының тізбесі және болуы;

әуежайлардағы кедендік, паспорттық, санитариялық және карантиндік бақылауды қамтамасыз ету туралы ақпарат;
18) әуе кемелері туралы деректер және әуе кемелерінің типі, олардың жабдықтары бойынша техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру сипаттамасы, сондай-ақ әрбір әуе кемесінің орналасқан жері туралы анықтама;
19) әуе кемелерін пайдалану бойынша шектеулер:
әуе кемесінің типі, моделі;
тіркеу нөмірі;
әуе кемесінің қонуына кіруге рұқсаты және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының I, II, III санаттары бойынша қону;
қонуға кіру жүйелері бойынша әуе кемесі үшін белгіленгенминимумдар: ILS, VOR/DME, PAR, 2NDB, PAR+2NDB, VOR, NDB;
ұшуды көзбен шолу және қонуға кіру үшін әуе кемелеріне арналған белгіленген минимумдар;
(PBN) (RNAV 10, RNAV 5, RNAV 4, RNAV 1, RNP 4, RNP APCH) сипаттамаларына негізделген навигация жағдайында ұшуға рұқсат беру;
(GNSS, DME/DME, IRU/IRS, VOR/DME, LRNS, MNPS) сипаттамаларына негізделген навигациялық ерекшеліктерге байланысты шектеулер;
ұлғайтылған ұзақтығы жағдайында әуе кемелеріне ұшуға рұқсат беру (ETOPS ) (қос қозғалтқышты әуе кемелері үшін);
қысқартылған тік эшелондау жағдайында ұшуға рұқсат беру (RVSM);
байланыстың тиісті түрі орнатылған аудандар немесе бағыттар бойынша әуе кемелерін ұшуға арналған жабдықтармен жабдықтау (RCP);
«соқтығысудың алдын алу» жүйесімен жарақтандыру;
20) әуе кемелерін жалдауға (фрахт) арналған шарттардың ( келісімшарттардың) көшірмелері;
21) пайдаланушының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқаулық.
Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылады.
Көрсетілетін қызметті алушы ұшуды орындау құқығына куәліктің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы) телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге негіздемесі мен бұрын берілген куәлігі (жоғалу (ұрлану) жағдайларынан басқа) қоса бере отырып, өтінішті ұсынады.
Порталға:
ұшуды орындау құқығына куәлікті (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы) (телнұсқа) алу үшін, сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды (ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті пайдалану жөніндегі

арнайы ережелерге өзгеріс енгізуге) пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады .

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ұшуды орындау құқығына куәлік беру
(жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына
__________________________________________
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

**Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы 5 700 килограммнан астам ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (турбовинтті) қозғалтқыштармен жарақтандырылған ұшақтарда ұшуларды орындау құқығына куәлік алуға өтініш (ұшуды орындау құқығына куәлікті пайдалану жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы куәлігін пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгерістер енгізуге арналған)**

_________________________________________________ мақсатында (ұшуды орындау куәлігін алу, қолданылу мерзімін ұзарту, ішкі (халықаралық) әуе желілерінде ұшуды орындау үшін, пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгерістер енгізу) ___________________________________________________ тексеру (өтініш берушінің толық атауы) жүргізуді сұраймын.

Ұшуды бастаудың жоспарланған күні ___________________________
____________________________________________________________
___________________________ (ұзарту/өзгерістер енгізу кезінде тиісінше қолданыстағы ұшуды орындау құқығына берілген куәліктің аяқталу мерзімі немесе жаңа пайдалану жағдайындағы ұшуды бастаудың жоспарланған күні көрсетіледі)

Өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай болуға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшуды ұйымдастыру, қамтамасыз ету және орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге міндеттенеді.
____________________________________________________________

өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) - (заңды тұлғаның) (басшының лауазымы, Т.А.Ә., қолы)

М . О .

___________________________________________________________

(өтініш берушінің (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының) – (жеке тұлғаның) Т.А.Ә., қолы)

«Ұшуды орындау құқығына куәлік беру
(жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

## Электрондық құжат нысанындағы ұшуды орындау құқығына куәлік беруге (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)» өтінім

1. ЖСН ___________________________________________________

2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы ________________________________________

3. Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның банк деректемелері: ___________________________________________

4. Өтініш беруші заңды тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы) немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері: _________________ ___________________________________________________________

5. Өтініш берушінің пошталық (нақты) мекенжайы: _______________ ___________________________________________________________

6. Байланыс телефоны/факс/ электрондық поштаның мекенжайы, АФТН коды: ___________________________________________________

7. ӘК орналасқан әуеайлақ (алаң): ___________________________

8. Мәлімделетін авиациялық жұмыс түрлері: ___________________

9. Қазақстан Республикасының шегінде немесе одан тыс ұшу өңірлері: ___________________________________________________ ___________________________________________________________

10. Ұшуды бастаудың жоспарланған күні ________________________

11. Басқарушы персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы, телефон | Тағайындалуы туралы бұйрық | Білімі | Маманның сертификаты (куәлі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

12. Командалық-ұшу, нұсқаушы және ұшу құрамы

| | | Жұмысқа қабылдау | | | Ұшуға және авиациялық |
|---|---|---|---|---|---|

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы | туралы бұйрық | Маманның куәлігі (медициналық қорытындылары) | Жалпы ұшуы | жұмыстарды орындау рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

13. Инженерлік-техникалық персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық | Маманның куәлігі | Жалпы жұмыс өтілі | Жұмыстарды орындауға рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|

14. Шет мемлекеттерде авиациялық жұмыстарды орындау

| Әуе кемесінің типі және борттық нөмірі | Жалға алушы (тапсырыс беруші) | Мемлекет, қала және орналасатын әуежайы | Шарт түрі, нөмірі, кү қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| | | | |

15. Өтініш беруші:
- сертификаттау рәсімдерін орындауға;
- сертификаттық талаптарға сай болуға;
- азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшуды ұйымдастыруға, қамтамасыз етілуі мен орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ 400 қаулысымен
бекітілген

## «Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру – күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – әуе кемесіне шуыл бойынша сертификаты.

Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификатты көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушы әуе кемесіне шуыл бойынша сертификатты алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

**Өтініш**

______________________ тиесілі ___________________________________
(әуе кемесінің типі, айырым белгісі
әуе кемесіне жергілікті жердегі шуыл бойынша сертификат беруді сұраймын.

Әуе кемесі ____ ж. «__» ____ № ____ болып тізілімге енгізілген.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Тип _______________ әуе кемесінің мақсаты ____________________

2. Ұлттық және тіркеу белгілері

3. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ___________________

4. Әуе кемесінің жасалған күні және әуе кемесін жасап шығарушы _______________________________________________________________

5. Қозғалтқыштардың мәліметтері және әуе бұрандасы (болған жағдайда) ___ ______________________________________________________________

6. Әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасы _________________________

7. Әуе кемесінің ең жоғарғы қону массасы ________________________

8. Шуыл бойынша сертификаттау стандарты ________________________

9. Қолданылатын шуыл бойынша сертификаттау стандартына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша түрлендіру ___________________

10. ҰҚЖ-дан шеткері шуыл деңгейі/толық қуаттағы режимде _______ _______________________________________________________________

11. Қонуға бет алу кезіндегі шуыл деңгейі ______________________

12. Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі __________________________________

13. Ұшып өту кезіндегі шуыл деңгейі _____________________________

14. Ұшып көтерілген кездегі шуыл деңгейі _______________________

15. Өтініш берушінің және әуе кемесін пайдаланушының мекенжайы, телефоны, факсы ________________________________________________________

Қолы ____________________

М.О.

20___ж. «__» __________

«Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

1. ЖСН ______________________________________________________

2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы ___________________________________________

3. Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның банк

деректемелері: ________________________________________________

4. Өтініш беруші заңды тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы) немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері: _________________

_____________________________________________________________

5. Өтініш берушінің пошталық (нақты) мекенжайы: _______________

_____________________________________________________________

6. Байланыс телефоны/факс/ электрондық поштаның мекенжайы, АФТН коды: _________________________________________________________

7. Әуе кемесі «____» ____ ж. № ____ болып тізілімге енгізілген.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Типі _________________ әуе кемесінің мақсаты _______________

2. Ұлттық және тіркеу белгілері ________________________________

3. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ___________________

4. Әуе кемесінің жасалған күні және әуе кемесін жасап шығарушы

_____________________________________________________________

5. Қозғалтқыштардың мәліметтері және әуе бұрандасы (болған жағдайда)

_____________________________________________________________

6. Әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасы ________________________

7. Әуе кемесінің ең жоғарғы қону массасы _______________________

8. Шуыл бойынша сертификаттау стандарты _______________________

9. Қолданылатын шуыл бойынша сертификаттау стандартына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша түрлендіру ___________________

10. ҰҚЖ-дан шеткері шуыл деңгейі/толық қуаттағы режимде _______

_____________________________________________________________

11. Қонуға бет алу кезіндегі шуыл деңгейі _____________________

12. Ұшып өту кезіндегі шуыл деңгейі ___________________________

13. Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі _______________________________

14. Ұшып көтерілген кездегі шуыл деңгейі ______________________

15. Әуе кемесін пайдаланушының және өтініш берушінің мекенжайы, телефоны, факсы _____________________________________________

Қолы __________________

М.О.

20___ ж. «__» __________

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ 400 қаулысымен
бекітілген

**«Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру – күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз және/немесе электрондық түрде.

Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсатты көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсатты электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі) радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсатты алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге Халықаралық азаматтық авиация ұйымы туралы конвенцияға 6-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін радиостанциялардың атаулары мен диапазондарын көрсете отырып, еркін нысандағы өтінішті ұсынады.

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушы радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсатты алу үшін Халықаралық азаматтық авиация ұйымы туралы конвенцияға 6-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін радиостанциялардың атаулары мен диапазондарын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

## «Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;
2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – қағаз жеткізгіште арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру.
Арнайы ұшуды орындауға рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, 13:00-ден 14: 30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.
9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) ұшу мүмкіндігі туралы қорытындыны қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің (бұдан әрі – ӘК) техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;
3) әуе кемесінің сәйкессіздіктері және пайдаланудағы шектеулері туралы деректерді қамтитын анықтама.
Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

## Өтініш

Мемлекеттік тізілімге 20 ___ ж. «___» ________ №________ енгізілген әуе кемесіне арнайы ұшуды орындауға рұқсат (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификатын) беруді сұраймын:

1. Ұшу мақсаты және маршруты ___________________________________

2. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

1) Әуе кемесінің типі ___________________________________________

2) Әуе кемесінің сериялық (зауыт) нөмірі _______________________

3) Мемлекеттік және тіркеу айырым белгілері ___________________

4) Әуе кемесінің жасалған күні ___________________________________

5) Әуе кемесінің мақсаты _______________________________________

6) Орналасқан жері ____________________________________________

3. Пайдаланушының атауы және мекенжайы _________________________

Азаматтық әуе кемесін пайдаланушы: _______________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

20___ж. «___»___________

«Арнайы ұшуды орындауға
рұқсат беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
«Бекітемін»
Пайдаланушының бірінші басшысы
________________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «__»___________________

**Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру
және ұшуға жарамдылығын айқындау
АКТІСІ**

Мынадай құрамдағы комиссия:
Төраға ______________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә)
Комиссия мүшелері ________________________________________
______________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә)
200___ж. «___» _______мемлекеттік және тіркеу белгілері _______
______________________________________________
сериялық (зауыттық) нөмірі ______________________________
______________________________________________
(әуе кемесінің типі және мақсаты)
техникалық тексеру жүргізді.

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| ӘК зауыттан шығарылған күні | |
| Белгіленген ресурс | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Жүргізілген жөндеулер саны | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Соңғы жөндеудің жүргізілген күні және орны, Авиажөндеу зауыты | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |
| Жөндеу аралық ресурс | _____ сағ. ______ қонуы ______ жыл |

2. ӘК ресурсын ұзарту үшін негіздеме ___________________________
3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіздеме __________________
4. Қозғалтқыштар және әуе бұрандалары туралы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Қозғалтқыш/әуе бұрандасы Типі | 1-ші 2-ші 3-ші 4-ші ККО |
| Зауыттық нөмірі | |
| Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы (сағат) | |
| Соңғы жөндеу күні | |
| Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы (сағат) | |
| Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы (сағат) | |
| Жөндеу саны | |

5. Әуе кемесі ______________________________ көлемінде қаралған, (кезеңдік техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу нысаны) ол туралы __________ формулярға жазба енгізілді _______________ (күні)

6. Әуе кемесінің жиынтықтылығы ________________________________

7. Әуеде соқтығысудың алдын алатын борттық жүйенің болуы ______ ________________________________________________________________

8. Осы актіні жасау күніне орындау үшін міндетті осы типтегі әуе кемесі бойынша барлық пысықтаулар орындалды, бекітілген құжаттамада көзделмеген, типтік конструкцияда өзгерістер жоқ.

9. Ұшуға пайдалану нұсқаулығындағы өзгерістерді бекіткен ұйым, бекітілген күні __________________________________________________

10. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйін, ұшуға жарамдылық және ұшуға жарамдылығы сертификатын (жарамдылық мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы комиссияның қорытындысы ______________

Төраға: ________________________________________________________

(қолы, мерзімі, Т.А.Ә)

Комиссия мүшелері: __________________________________________

(қолы, мерзімі, Т.А.Ә)

М.О.

11. Пайдаланушының инженерлік-авиациялық қызметі басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы (оның ішінде қажетті жабдықтар болған жағдайда халықаралық трассалар бойынша ұшуға)

Қорытынды: «Ұшақ (тікұшақ) техникалық ақаусыз және пайдалануға жарамды» немесе «Ұшақ (тікұшақ) техникалық ақаулы және пайдалануға жарамсыз».

Төраға: ________________________________________________________

(қолы, мерзімі, Т.А.Ә)

Комиссия мүшелері: ___________________________________________

(қолы, мерзімі, Т.А.Ә)

М.О.

12. Акт парағының әрбір бетіне комиссия төрағасының қолы және пайдаланушының мөрі қойылуы тиіс.

13. Актінің қолданылу мерзімі – бекітілген күнінен бастап бір ай.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

## «Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкіметінің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – күнтізбелік 10 (он) күн;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.

Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен әуе кемесін шығару туралы куәліктің көшірмесі;

3) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының түпнұсқасы.

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушы ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне»

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы

тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Өтініш

Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беруді сұраймын:
Әуе кемесінің типі:______________________________________________
Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі: ________________________
Планердің жұмысы: _____________________________________________

Орнатылған қозғалтқыштары: ___________________________________________
Қозғалтқыштардың сериялық нөмірлері: _________________________________
Жұмысы:_______________________________________________________________
_
Әуе кемесі экспортқа жіберілетін мемлекет:____________________________
Әуе кемесін пайдаланушы (иесі): ______________________________________

_______________________ ________________________________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)

М. О.

20__ж. «__»_____________

«Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

**Электрондық құжат нысанындағы өтініш**

ЖСН ____________________________________________________
ЖК/ЖТ/ЗТ атауы _________________________________________
Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның банк деректемелері: ________________________________________________
Өтініш беруші заңды тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы) немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері: _________________________
________________________________________________________________
Өтініш берушінің пошталық (нақты) мекенжайы: ___________________
________________________________________________________________
Байланыс телефоны/факс/ электрондық поштаның мекенжайы, АФТН коды: ____________________________________________________________
Әуе кемесінің типі: ______________________________________________
Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ________________________
Планердің жұмысы _______________________________________________
Орнатылған қозғалтқыштар ________________________________________
Қозғалтқыштардың сериялық нөмірлері: ___________________________
Жұмысы:_________________________________________________________
Әуе кемесі экспортқа жіберілетін мемлекет: _____________________
Әуе кемесін пайдаланушы (иесі): _____ __________________________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ 400 қаулысымен
бекітілген

# «Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

пайдаланушы сертификатын беру – күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде;

пайдаланушы сертификатының телнұсқасын беру – күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – пайдаланушының сертификаты (сертификат телнұсқасы).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз және/немесе электрондық түрде.

Пайдаланушы сертификатын көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін

қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда пайдаланушы сертификатын электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Пайдаланушыны сертификаттау үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде алым алынады.

Пайдаланушыны сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері штат санына байланысты мыналарды құрайды:

50 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1144 айлық есептік көрсеткіш;

51 адамнан 200 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1232 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан 400 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1272 айлық есептік көрсеткіш;

401 адамнан 600 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1319 айлық есептік көрсеткіш;

601 адамнан 1200 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1363 айлық есептік көрсеткіш;

1201 адамнан 2000 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1407 айлық есептік көрсеткіш;

2001 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 1458 айлық есептік көрсеткіш.

Пайдаланушыны сертификаттау көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) пайдаланушыны сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі* немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік ( есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) өтініш беруші жарғысының көшірмесі және құрылтай шартының көшірмесі;

5) өтініш берушінің мыналарды:

өтініш беруші қызметінің негізгі орнын;

ұшудың болжамды түрлерін;

ұшу жұмысын ұйымдастыруды;

ұшуға жарамдылықты қолдау жүйесін;

ұшуды қамтамасыз етуді;

ұшу және техникалық персоналдың дайындығын;

техникалық қызмет көрсету объектілерінің дайындығын;

әуе кемелерінің дайындығын;

авариялық эвакуацияны демонстрациялауды және демонстративтік ұшуды өткізу мүмкіндігін қамтитын ақпараты;

6) басқарма құрылымы және лауазымы, Т.А.Ә., білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі көрсетілген жауапты адамдар;

7) көрсетілетін қызметті берушімен мынадай:

ұшу қызметі;

ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция;

ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі;

сапаны бақылау жөніндегі;

авиациялық қауіпсіздік жөніндегі;

персоналды даярлау жөніндегі басшылар лауазымдары келісілгенін растайтын құжаттар;

8) тұрақты тасымалдар үшін жоспарланатын межелі пункттер мен қосалқы әуеайлақтардың, жоспарланатын ұшу үшін қолданылуы бойынша тұрақты емес тасымалдар және пайдалану базалары аудандарының тізімі;

9) типі, моделі, сериясы, ұлттық және тіркеу белгілері, ұшуға жарамдылығы сертификаттары, радиостанцияларға арналған рұқсаттар, жергілікті жердегі (егер көзделген болса) шуыл бойынша сертификаттары көрсетілген әуе кемелерінің тізімі. Әуе кемелерін жалға алған жағдайда, жалға алу (лизинг) шарттарын ұсынуы қажет;

10) ұшу және жердегі персоналды даярлау және аттестаттауды ұйымдастыру бойынша ақпарат;

11) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық;

12) техникалық қызмет көрсетуді реттеу бойынша пайдаланушының нұсқаулығы;

13) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша бағдарлама (регламент);

14) сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы 5700 кг астам әуе кемелерін пайдаланатын пайдаланушылар үшін ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқаулық;

15) байланыс (dispatch) рәсімдерін қоса алғанда, ұшуды орындауды басқару және бақылауды ұйымдастыру бойынша ақпарат;

16) Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңдарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері;

17) пайдаланушының өзінің авиациялық қызметінің қажетті түрлерін қамтамасыз етуге арналған шарттарының көшірмелері;

18) пайдаланушының басшысы бекітетін әуе кемелерін бояу үлгілері мен мәтіндік сипаттамасы;

19) азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін болғызбау бойынша шаралар туралы құжаттар;

20) пайдаланушының өзі немесе шарттық негізде жүзеге асыратын ұшуды жерде қамтамасыз ету бойынша ақпарат;

21) пайдаланушы (өтініш беруші) ұсынатын арнайы операция түрлеріне қатысты (Cat II, III, RVSM, EDTO, PBN, RNAV, RNP) бақылау тексеру карталары;

22) жұмыс түрлері көрсетілген, сыртқы ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге арналған шарттар тізбесі;

23) сыртқы ұйымдармен ұшу жарамдылығын қолдау бойынша шарттардың

көшірмелері;

24) жолаушы және жүк тасымалдарын ресімдеу үшін қажетті құжаттардың үлгілері.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылады.

Пайдаланушы сертификатының телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге қажетті негіздемені және бұрын берілген пайдаланушы сертификатын (жоғалу (ұрлау) жағдайларынан басқа) қоса бере отырып, өтінішті ұсынады.

Порталға:

пайдаланушы сертификатын (телнұсқасын) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта тізбеленген электрондық түрдегі құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін

қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі

болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына

______________________________________
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

**Электрондық құжат нысанындағы пайдаланушы сертификаты (ПС) алуға (ұзартуға) өтін**
**Кандидат толтырады**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Алғашқы беру<br>Қолдану мерзімін ұзарту ☐ | | | |
| 1. Жалпы ақпарат | | | |
| 1. Компанияның ресми атауы және саудалық атауы (егер ерекшеленсе): | | 2. Телефон, факс және электрондық пошта мекенжайы қоса алғанда, негізгі қызмет орнының мекенжайы. | |
| Өтініш беруші ПС № | | | |
| Пайдаланушы | | | |
| Компанияның мекенжайы: поштальқ мекенжайы: | | Қосымша қызметтік мекенжайы: | |
| | | | |
| телефон, факс | | Қызмет түрі: | |
| электрондық пошта мекенжайы: | | | |
| 3. Болжамды жұмысты бастау күні: | | 4. Айрықша тәртіпте ұшу-пайдалану агенттігі үшін сұра салынған шартты белгілер (алғашқы сертификаттауда): | |
| 5. ИКАО/ИАТА коды (3 әріпті код/егер болса, 2 әріпті) | | a) | b) | c) |
| 6. Басшылар және негізгі қызметкерлер | | | |

| Тегі | Лауазымы | Телефон, факс, электронды поштасы |
|---|---|---|
| | 1) Пайдаланушы басшысы | |
| | 2) Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция басшысы | |
| | 3) Ұшу қызметінің басшысы | |
| | 4) Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі басшы | |
| | 5) Жердегі қызмет көрсету жөніндегі басшы | |
| | 6) Персоналды дайындау жөніндегі қызмет басшысы | |
| | 7) Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы | |
| | 8) Бортсеріктер қызметінің басшысы (жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін). | |
| | 9) Сапаны бақылау қызметінің басшысы | |

**2. Өтініш берушіге техникалық қызмет көрсету және тасымалд түрлері**

| | |
|---|---|
| 7. | Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыр<br>☐ Пайдаланушы техникалық қызмет көрсетуді дербес жүзеге асыруды жоспарлайды.<br>☐ Пайдаланушы техникалық қызмет көрсетуді шарттар негізінде орындауды жоспарлайды. |

8. Ұсынылатын тасымалдар түрлері:

☐ Жолаушылар және жү
☐ Жүк
☐ Пошта жөнелтілімдері

**3. Әуе кемелері және болжанатын ұшу аудандары турал ақпарат**

| 9. Әуе кемелері туралы деректер (жеке, жалданған): | | |
|---|---|---|
| 1) Типі, моделі және версиясы бойынша әуе кемелерінің саны: | 2) Жолаушылар креслосының саны және/немесе пайдалы жүктеме (кг, тонн) | 10. Болжанатын географиялық ұш ауданы(-дары):<br>☐ EUR ☐ AFI<br>☐ NAT ☐ NAM<br>☐ CAR ☐ SAM<br>☐ MID ☐ ASIA<br>☐ PAC ☐ AUS<br>☐ POLAR |
| ӘК ұлттық айырым және тіркеу белгілері: | ӘК ең жоғары рұқсат етілген ұшып көтерілу массасы (MTOW): | |

| | | |
|---|---|---|
| ӘК лизингі ☐ (жылбысқы) ☐ (құрғақ) | -ден | дейінгі лизинг |
| Әуе кемелері иесінің атауы: Заңды мекенжайы: | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| ☐ Лизинг туралы келісім | | |

4. Ұшу түрлері, арнайы шектеулер мен рұқсат беру туралы ақпарат

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ұшу түрлері: | ☐ тұрақты ішк<br>☐ тұрақты халықаралы<br>☐ тұрақты емес ішк<br>☐ тұрақты емес халықаралық | | |
| Арнайы шектеулер: | | | |
| Арнайы рұқсат берулер/Мақұлдау: | | | |
| RVR (m) | DH (м/ft) | LVTO RVR (m) | |
| ☐ MNPS | ☐ P-RNAV | ☐ BRNAV | ☐ RNP |
| ☐ RVSM | ☐ TCAS | ☐ EGPWS | ☐ GNSS |
| ☐ LRNS | ☐ VOR | ☐ IRU/IRS | ☐ DME |
| ☐ EDTO: Бастапқы уақыт | Min | ара қашықтығы | NM |
| Қосалқы әуеайлаққа дейін ең ұзақ ұшу уақыты | | | |
| ☐ non-EDTO | Min | ☐ GPS Approach | |
| ☐ EFB | | ☐ Қауіпті жүктер | |
| | | | |

5. Авиациялық персоналды дайындау туралы ақпарат

11. Ұсынылатын персонал дайындығы (ұшу персоналына арналған пилотажды тренажерлер және/немесе кабиналь персоналға арналған тренажерлық қондырғылар):

| | | |
|---|---|---|
| Қолы: | Күні: | Тегі және лауазымы: |

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган толтырады

| | |
|---|---|
| Мынадай құжаттар қоса берілген өтінім түскен күн: | |
| Тіркеу нөмірі: | |
| Жауапты лауазымды адам: | |

«Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына

________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

**Электрондық құжат нысанындағы пайдаланушы сертификат (ПС) алуға (ұзартуға) өтін**

**Кандидат толтырады**

| | |
|---|---|
| Алғашқы беру | |
| Қолдану мерзімін ұзарту ☐ | |
| 1. Жалпы ақпарат | |
| 1. Компанияның ресми атауы және саудалық атауы (егер ерекшеленсе): | 2. Телефон, факс және электрондық пошта мекенжайы қоса алғанда, негізгі қызмет орнының мекенжайы. |
| Өтініш беруші ПС № | |
| Пайдаланушы | |
| Компанияның мекенжайы: поштaлық мекенжайы: | Қосымша қызметтік мекенжайы: |
| | |
| телефон, факс | Қызмет түрі: |
| электрондық пошта мекенжайы: | |
| 3. Болжамды жұмысты бастау күні: | 4. Айрықша тәртіпте ұшу-пайдалану агенттігі үшін сұра салынған шартты белгілер (алғашқы сертификаттауда): |
| 5. ИКАО/ИАТА коды (3 әріпті код/егер болса, 2 әріпті) | a) b) c) |

6. Басшылар және негізгі қызметкерлер

| Тегі | Лауазымы | Телефон, факс, электронды поштасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | 1) Пайдаланушы басшысы | |
| | 2) Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция басшысы | |
| | 3) Ұшу қызметінің басшысы | |
| | 4) Ұшуға жарамдылықты қолдау жөніндегі басшы | |
| | 5) Жердегі қызмет көрсету жөніндегі басшы | |
| | 6) Персоналды дайындау жөніндегі қызмет басшысы | |
| | 7) Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы | |
| | 8) Бортсеріктер қызметінің басшысы (жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін). | |
| | 9) Сапаны бақылау қызметінің басшысы | |

**2. Өтініш берушіге техникалық қызмет көрсету және тасымалд түрлері**

| | |
|---|---|
| 7. | Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыр<br>☐ Пайдаланушы техникалық қызмет көрсетуді дербес жүзеге асыруды жоспарлайды.<br>☐ Пайдаланушы техникалық қызмет көрсетуді шарттар негізінде орындауды жоспарлайды. |

8. Ұсынылатын тасымалдар түрлері:

☐ Жолаушылар және жү
☐ Жүк
☐ Пошта жөнелтілімдері

### 3. Әуе кемелері және болжанатын ұшу аудандары тура ақпарат

| 9. Әуе кемелері туралы деректер (жеке, жалданған): | | |
|---|---|---|
| 1) Типі, моделі және версиясы бойынша әуе кемелерінің саны: | 2) Жолаушылар креслосының саны және/немесе пайдалы жүктеме (кг, тонн) | 10. Болжанатын географиялық ұш ауданы(-дары):<br>☐ EUR ☐ AFI<br>☐ NAT ☐ NAM<br>☐ CAR ☐ SAM<br>☐ MID ☐ ASIA<br>☐ PAC ☐ AUS<br>☐ POLAR |
| ӘК ұлттық айырым және тіркеу белгілері: | ӘК ең жоғары рұқсат етілген ұшып көтерілу массасы (MTOW): | |

| | | |
|---|---|---|
| ӘК лизингі ☐ (жылбысқы) ☐ (құрғақ) | -ден | дейінгі лизинг |
| Әуе кемелері иесінің атауы: Заңды мекенжайы: | | |
| ☐ Лизинг туралы келісім | | |

4. Ұшу түрлері, арнайы шектеулер мен рұқсат беру туралы ақпарат

| | |
|---|---|
| Ұшу түрлері: | ☐ тұрақты ішк<br>☐ тұрақты халықаралы<br>☐ тұрақты емес ішк<br>☐ тұрақты емес халықаралық |
| Арнайы шектеулер: | |
| Арнайы рұқсат берулер/Мақұлдау: | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| RVR (m) | DH (м/ft) | LVTO RVR (m) | |
| ☐ MNPS | ☐ P-RNAV | ☐ BRNAV | ☐ RNP |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ☐ RVSM | ☐ TCAS | ☐ EGPWS | ☐ GNSS |
| ☐ LRNS | ☐ VOR | ☐ IRU/IRS | ☐ DME |
| ☐ EDTO: Бастапқы уақыт | Min | ара қашықтығы | NM |
| Қосалқы әуеайлаққа дейін ең ұзақ ұшу уақыты | | | |
| ☐ non-EDTO | Min | ☐ GPS Approach | |
| ☐ EFB | | ☐ Қауіпті жүктер | |
| | | | |
| 5. Авиациялық персоналды дайындау туралы ақпарат | | | |
| 11. Ұсынылатын персонал дайындығы (ұшу персоналына арналған пилотажды тренажерлер және/немесе кабиналь персоналға арналған тренажерлық қондырғылар): | | | |

Қолы: Күні: Тегі және лауазымы:

| | |
|---|---|
| 6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган толтырады | |
| Мынадай құжаттар қоса берілген өтінім түскен күн: | |
| Тіркеу нөмірі: | |
| Жауапты лауазымды адам: | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

## «Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру » мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) .

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру – күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын ( телнұсқасын) беру – күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты (сертификат телнұсқасы).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз және/немесе электрондық түрде.

Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алым төлемі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері санаты және салмағына байланысты мыналарды құрайды:

750 килограмнан төмен ұшақтың ұшу жарамдылығы – алым төленетін күні қолданыстағы 10 айлық есептік көрсеткіш;

750 килограмнан төмен тікұшақтың ұшу жарамдылығы – алым төленетін күні қолданыстағы 10 айлық есептік көрсеткіш.

Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) аса жеңіл авиация әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің немесе үлгі сертификатының көшірмесі;

3) аса жеңіл авиация әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын алу үшін сертификаттың бүліну және жоғалу (ұрлану) фактісінің сипаттамасын қоса бере отырып, еркін нысандағы өтінішті ұсынады.

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушы аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «

жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

# ӨТІНІМ

1. Тізілімге ____ ж. « ___ » _______ №________ енгізілген аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беруді сұраймын:

Типі ____________________________________________________

Әуе кемесінің мақсаты ________________________________________

1.1. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі __________________

1.2. Әуе кемесі жасалған күн _____________________________________

1.3. Жасап шығарушының атауы ____________________________________

1.4. Жасап шығарушы мемлекет ____________________________________

1.5. Тип сертификаты (немесе балама құжат): № _________________________________________________, берілген күні

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1) Мекенжайы _______________________________________________

2) Телефоны _________________________ Факсы ______________________

3) Электронды поштасының мекенжайы (бар болса) ________________

4) Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) ________________________________

5) Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БИН) ______________________________

6) Егер ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса: Тегі, аты, әкесінің аты ____________________________________________

7) Егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса: Ұйымның толық атауы ____________________________________________

Басшының тегі, аты, әкесінің аты ___________________________________

3. ӘК данасының орналасқан жері ___________________________________

4. Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен жері ______________________

5. Пайдалана басталғаннан бергі әуе кемесінің ұшуы: ______________________________ сағ.______________ соңғы ______ жыл соңғы жөндеуден кейін:__________сағ.____________соңғы ______ жыл

6. Жөндеуге дейін қалған ресурс: ______ сағ.____ соңғы ____ жыл

7. Массасы, кг _________________ Орталықтандыру, ________________

8. Техникалық жай-күйін бағалау актісі бекітілген күн _________

________________________________________________________________

9. Техникалық байқауды кім жүргізді ____________________________

10. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым, орындау күні _______________________________________________________________________

11. Пайдаланушының заңды мекенжайы, телефоны, факсы ___________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________

12. Пошталық мекенжайы:_________________________________________

М.О. _______________________________________

(лауазымы)

«Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Электрондық құжат нысанындағы өтініш

1. ЖСН ________________________________________________________

2. ЗТ атауы ____________________________________________________

3. Электрондық поштаның мекенжайы (ол болған жағдайда) ________

4. Ұйымның толық атауы __________________________________________

5. Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____________________________

6. ____ ж. «___» ____ №________ тізілімге енгізілген аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруді сұраймын:

Типі _____________________________________________________________

Әуе кемесінің мақсаты ____________________________________________

1) Әуе кемесін сериялық (зауыттық) нөмірі _______________________

2) Әуе кемесінің жасалған күні ________________________________

3) Жасап шығарушының атауы ___________________________________

4) Жасап шығарушы мемлекет ___________________________________

5) Тип сертификаты (немесе балама құжат): № ___________________ берілген күні _____________________________________________________

7. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1) Мекенжайы____________________________________________________

2) Телефоны________________ Факсы _______________________________

3) Электрондық поштасының мекенжайы (болса) ___________________

4) Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) __________________________

5) Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БИН) ________________________

6) ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________

7) ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы ____________________________________________

Басшының тегі, аты, әкесінің аты ________________________________

8. ӘК данасының орналасқан жері ________________________________

9. Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен жері _____________________

10. Пайдалана басталғаннан бергі әуе кемесінің ұшуы: ___________________________ сағ.__________ соңғы _____________ жыл

соңғы жөндеуден кейін: ________ сағ.________ соңғы ________ жыл

11. Жөндеуге дейін ресурс қалдығы:_____ сағ.___ соңғы _____ жыл

12. Массасы, кг ___________ Орталықтандыру,% __________________

13. Пайдаланушының техникалық жай-күйін тексеру актісін бекіту күні ______________________________________________________

14. Техникалық тексеруді кім жүргізеді _________________________

15. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым, орындау күні _____________________________________________________

16. Пайдаланушының заңды мекенжайы, телефоны, факсы ___________ _________________________________________________________________

17. Пошталық мекенжайы __________________________________________

18. Тіркелген құжаттар:

1) _____________________________________________________________

2) _____________________________________________________________

3) _____________________________________________________________

4) _____________________________________________________________

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ 400 қаулысымен
бекітілген

## «Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. «Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде.

Қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады;

азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігінің телнұсқасын беру – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігі (куәлік телнұсқасы).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестік куәлігіне алым төлемі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалатын тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестік куәлігін беру үшін санатына байланысты алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

ұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 1 000 айлық есептік көрсеткіш;

тікұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 2 000 айлық есептік

көрсеткіш;

басқа ұшу аппараттары үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 500 айлық есептік көрсеткіш.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін сертификаттау бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13 :00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) әуе кемесі данасының пайдалану құжаттамасының жинағы;

3) қысқаша техникалық сипаттаманы, жүйелердің басты схемаларын, негізгі сипаттамаларды, сондай-ақ ауқымында ӘК данасы сертификатталатын пайдаланудың күтілетін жағдайлары мен шектеулерін қамтуға тиіс әуе кемесі данасының ерекшелігі;

4) әуе кемесінің үш проекциядағы түрлері немесе әр түрлі кескіндердегі суреттері: алдынан, бүйірінен, артынан;

5) әуе кемесін немесе құрастыру жиынтығын, қозғалтқышты, бұранданы, агрегаттар мен жинақтаушы бұйымдарды сатып алудың заңдылығын растайтын бастапқы төлем құжаттары;

6) көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

7) азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012

жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік ( есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды өткізген кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетілген оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігінің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге:

1) жоғалу немесе оның жарамсыз болуының себептері мен мән-жайлары көрсетілген еркін нысандағы өтінішті;

2) егер ол жарамсыз болса, азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін ұсынады.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде

қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414

«Азаматтық әуе кемесі данасының
ұшуға жарамдылығы нормаларына
сәйкестік куәлігін беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша

Уәкілетті органның
басшысына

**Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауға арналған өтінім_**

_____________________________________________________________ тиесілі

(АӘКД иесі)

_____________________________________________________________________

(АӘКД атауы)

азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттау жүргізуді өтінемін. Мекенжайы және телефоны _____________________________________________

Әуе кемесі туралы негізгі мәліметтерді хабарлаймын: Әуе кемесінің түрі ____________________________________________________

(ұшақ, тікұшақ, планер, аэростатикалық әуе кемесі және т.б.) Пайдаланылған конструкторлық құжаттама ______________________________

_____________________________________________________________________

(жеке жоба, прототипі бар, дайын КҚ, қалпына келтірілген ӘК және т.б.)

_____________________________________________________________________

(жеке, техникалық клубта, зауытта және т.б.)

_______________________________________________ жағдайларда жасалған.

АӘКД мақсаты ____________________________________________________

Күтілетін пайдалану шарттары _________________________________________

Мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылған мәліметтердің дәйектілігі үшін жауап беремін.

Сараптама үшін мәлімденген ӘК-нің оған қойылатын талаптарға сәйкессіздігі туралы куәландыратын фактілер маған белгісіз.

Өтініш беруші _________________________ /_________________/ М.О.

қолы тегі, аты-жөні

20_ ж. «__» __________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

**«Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы ( бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру – күнтізбелік 30 (отыз) күн.

Қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады;

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын беру – күнтізбелік 7 (жеті) күн;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты (сертификат телнұсқасы).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз және/немесе электрондық түрде.

Көрсетілетін қызметті беруші азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алым « Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері санаты және салмағына байланысты мыналарды құрайды:

1) ұшақтың ұшу жарамдылығы үшін:

136 000 килограмнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 450 айлық есептік көрсеткіш;

75 000 килограмнан астам 136 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 437 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 328 айлық есептік көрсеткіш;

3 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық есептік көрсеткіш;

4 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 401 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 10 000 килограмнан астам 30 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 291 айлық есептік көрсеткіш;

3 қозғалтқышымен 10 000 килограмнан астам, қоса алғанда 30 000 килограмға дейін – алым төленген күнгі қолданыстағы 328 айлық есептік көрсеткіш;

4 қозғалтқышы бар 10 000 килограмнан астам 30 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық есептік көрсеткіш;

5 700 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

2 250 килограмнан астам 5 700 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

750 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 36 айлық есептік көрсеткіш;

2) тікұшақтың ұшуға жарамдылығы үшін:

10 000 килограмнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 5 000 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 91 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 5 000 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 127 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 3 180 килограмнан астам 5 000 килограмды қоса алғанға

дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;
2 қозғалтқышы бар 3 180 килограмнан астам 5 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;
1 қозғалтқышы бар 2 250 килограмнан астам 3 180 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;
2 қозғалтқышы бар 2 250 килограмнан астам 3 180 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;
1 қозғалтқышы бар 2 000 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;
2 қозғалтқышы бар 2 000 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;
750 килограмнан астам 2 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш.

Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификатын алғаш алуы үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес әуе

кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;

4) қолданылатын түрлендірулер көрсетілген үлгі сертификатының көшірмесі немесе конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын балама құжат;

5) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті);

7) әуе кемесін қайта жабдықтау (қайта жабдықтау кезінде) бойынша ақпарат;

8) жаңа әуе кемесінің үлгі сертификатына сәйкестігін растайтын жасап шығарушы зауыттың сертификаты;

9) уәкілетті орган бекіткен бұрынғы пайдаланушының техникалық қызмет көрсету бағдарламасын техникалық қызмет көрсетудің жаңа бағдарламасына ауыстыру бойынша қосымша жұмыс көлемі туралы деректер;

10) орталықтандыру және жүктеме деректері көрсетілген қолданыстағы құрамдағы әуе кемесін өлшеу бойынша деректер;

11) тип конструкциясы үшін жауапты ұйым құрастырған негізгі минималды жабдықтау тізбесі болған кезде пайдаланушы әзірлеген бекітілген минималды жабдықтау тізбесі;

12) ұшуға жарамдылығы директивасының мәртебесі;

13) ресурстары шектеулі агрегаттар мәртебесі;

14) орындалған түрлендіру мәртебесі.

Осы тармақтың 2), 12), 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер өтініш көрсетілетін қызметті берушіде тіркелген күнге дейін күнтізбелік 30 күн мерзімнен аспауы тиіс.

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Бұрын ұшуға жарамдылығы сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;

4) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның

төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
5) ұшуға жарамдылығы директиваларының мәртебесі;
6) ресурстары шектеулі агрегаттар мәртебесі;
7) орындалған түрлендіру мәртебесі.

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Бекітілген үлгі конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруге арналған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;
2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын белгілеу актісі;
3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;
4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес коммерциялық емес ұйым берген азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі;
5) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат көшірмесі;
6) қолданылатын түрлендіру көрсетілген дана сертификатының көшірмесі;
7) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті) (алғашқы сертификат беру);
8) Ұшуға пайдалану нұсқаулығында негізгі ең төменгі жабдықтау тізбесі болғанда пайдаланушы әзірлеген бекітілген ең төменгі жабдықтау тізбесі (алғашқы беру кезінде).

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге еркін нысандағы өтінішті және көрсетілетін қызметті алушы жүргізген қызметтік тексеру материалдарын береді.

Порталға:

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын (оның ішінде бұрын алған сертификаты бар, сондай-ақ бекітілген үлгі конструкциясы, сертификат телнұсқасы жоқ азаматтық әуе кемесі) алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті

алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру»

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

**Өтініш**

Мемлекеттік тізілімге ______ ж. «__» __________ № _______ болып енгізілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттаудан өткізуді және сертификат беруді сұраймын.

Типі ____________________________________________________

Әуе кемесінің мақсаты ___________________________________

Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ______________________

Әуе кемесінің жасалған күні ___________________________________

Жасап шығарушының атауы ____________________________________

Жасап шығарушы мемлекет ____________________________________

Тип сертификаты (немесе балама құжат):__ № ___ берілген күні __

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Мекенжайы ______________________________________________

Телефон: ___________________ Факс: ___________________________

Электрондық поштаның мекенжайы (бар болса) ___________________

Егер ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________

Егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы __________________________________________

Басшының тегі, аты, әкесінің аты _______________________________

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны _________________________________________

3. ӘК данасының орналасқан жері _______________________________

4. ӘК данасын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізген техникалық қызмет көрсету мен жөндеу ұйымының атауы, мекенжайы ____________________________________________________________

Әуе кемесінің ұшуы ____________________________________________

- пайдалана басталғаннан бергі: _____ сағ._____ қонуы ____ жыл

- соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ._____ қонуы ____________ жыл

6. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы: ___ сағат ___ соңғы __ жыл

7. Массасы, кг _______________ Орталықтандыру, % САХ _________

8. Әуе кемесін жетілдіру, өзгерту жұмыстарын жүргізген ұйым, орындалған күні ____________________________________________________________

9. Пайдаланудың техникалық деректеріне енгізілген, жүргізілген

жетілдірудің нәтижесі болған өзгерістер көрсетілсін (егер орын алса):
ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулық: ___________________________
техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулық: ______________________
техникалық қызмет көрсету регламенті: __________________________
10. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға жіберу туралы ақпарат:____
11. Әуе кемесі ИКАО ______________________ санаты бойынша ұшуға рұқсат берілген.
12. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша деректері.
13. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі (OTS) рұқсаты бойынша деректер.

«Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Электрондық құжат нысанындағы өтініш

1. ЖСН ________________________________________________________
2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы _____________________________________________
3. Әуе кемесінің тізілімдегі нөмірі ____________________________
4. Тізілімге әуе кемесін енгізу күні ___________________________
(күні/айы/жылы)
5. Әуе кемесінің типі __________________________________________
6. Әуе кемесінің мақсаты:

| | |
|---|---|
| 1. Жолаушылар<br>2. Көлік<br>3. Ауысымды<br>4. Жүк-жолаушылар | 5. Арнайы мақсатта<br>6. Санитарлы<br>7. Оқу |

7. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі ___________________
8. Әуе кемесінің жасалған күні _____________________________
(күні/айы/жылы)
9. Жасап шығарушының атауы _________________________________
10. Жасап шығарушы – мемлекет _______________________________
11. Тип сертификатының (немесе балама құжаттың) нөмірі ________
12. Тип сертификатының берілген күні ________________________
(күні/айы/жылы)
13. ӘК данасының орналасқан жері ____________________________

14. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы ________
________________________________________________________________________

15. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның мекенжайы
________________________________________________________________________

16. Пайдалану басталғаннан бергі әуе кемесінің ұшуы ___________ сағ._________________ қонуы ______________________________________ жыл

Әуе кемесінің соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы _______________ сағ. _________________ қонуы __________________________________________ жыл

17. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы _____________________ сағ. _______ __________ қонуы ___________________________________________ жыл

18. Массасы, кг _______________________________________________

19.Орталықтандыру, % САХ ______________________________________,
________________________________________________________________________

20. Пайдаланушының техникалық жай-күйін тексеру актісін бекіткен күн
________________________________________________________________________

( к ү н і / а й ы / ж ы л ы

21. Техникалық тексеруді кім жүргізді __________________________

22. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым _________
________________________________________________________________________

23. Орындаған күні ______________________________________________

( к ү н і / а й ы / ж ы л ы )

24. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер (егер болса ) ____________________________________________________________
________________________________________________________________________

25. Техникалық пайдалану нұсқаулығына енгізілген өзгерістер (егер болса) __
___________________________________________________________
________________________________________________________________________

26. Техникалық қызмет көрсету регламентіне енгізілген өзгерістер (егер болса ) ___________________________________________________
________________________________________________________________________

27. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға рұқсаты туралы ақпарат көзделмеген / р ұ қ с а т е т і л г е н

28. Әуе кемесіне ИКАО санаты бойынша ұшуға рұқсат етілген I, II, III, с а н а т ы ж о қ

29. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша деректер _
_______________________________________________________________
________________________________________________________________________

30. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі (OTS) рұқсаты бойынша деректер
Көзделмеген/рұқсат етілген
31. Электрондық поштаның мекенжайы (ол болған жағдайда)
___________________________________________________________________________
32. Тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса) ___________________________________________________________________
33. Ұйымның толық атауы (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)
___________________________________________________________________________
34. Басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)_____________________________________________________________
35. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)
___________________________________________________________________________
36. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің телефоны (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)
___________________________________________________________________________
37. Тіркелген құжаттар:
1. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
2. ӘК техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
3. Әуе кемесін жалға алу туралы шартының сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
4. Әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)

«Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

«Бекітемін»
Пайдаланушының бірінші басшысы
______________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «__»________________

**Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі**

Мынадай құрамдағы комиссия:
Төраға ______________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)
Комиссия мүшелері ______________________________________________
______________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)
20__ж. «__» ______________________________ техникалық тексеру жүргізді
(әуе кемесінің типі және мақсаты)
мемлекеттік және тіркеу белгілері __________________________ сериялық (зауыттық) нөмірі ______________________________________________

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| ӘК-нің зауыттан шығарылған күні | |
| Белгіленген ресурс | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Жөндеу саны | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Соңғы жөндеу жүргізілген күн мен орын, АЖЗ | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |
| Жөндеу аралық ресурс | _______ сағ. _______ қонуы _____ жыл |

2. АӘК-ның ресурсын ұзарту үшін негіздеме ______________________

3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіздеме ___________________

4. Қозғалтқыштар мен әуе бұрандалары туралы мәліметтер: _______

| | |
|---|---|
| Қозғалтқыш/әуе бұрандасы Типі | 1-ші 2-ші 3-ші 4-ші ККО |
| Зауыттық нөмірі | |
| Пайдалана басталғаннан бергі жұмысы (сағат) | |
| Соңғы жөндеу күні | |
| Соңғы жөндеуден кейінгі жұмысы | |
| Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы (сағат) | |
| Жөндеулер саны | |

5. Әуе кемесі ______________________________ көлемінде қаралған,
(ТҚ немесе жөндеу кезеңділігінің нысаны)

ол туралы __________ формулярына жазу енгізілген ____________________

(күні)

6. Әуе кемесінің жасақталуы _____________________________________

7. Әуеде соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесінің болуы ____

8. Осы акті жасалған күні орындауға міндетті осы типтегі әуе кемесінің барлық пысықтаулары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясының өзгерістері жоқ.

9. ҰПЖ өзгерістерін бекіткен ұйым, бекітілген күні ____________

10. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылығы және ұшуға жарамдылық сертификатын беру (қолданылу мерзімін ұзарту) мүмкіндігі туралы комиссия қорытындысы _____________

Төраға: ________________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: ____________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

М.О.

11. Пайдаланушының инженерлік-авиациялық қызметі басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы (оның ішінде қажетті жабдықтар болған жағдайда, халықаралық трассалар бойынша ұшуға)

Қорытынды: «Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы жоқ және ол пайдалануға жарамды» немесе «Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы бар және ол пайдалануға жарамсыз».

Төраға: ________________________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: ____________________________________________

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

М.О.

12. Актінің қолданылу мерзімі – бекітілген күнінен бастап бір ай.

«Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

**Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі**

___________________________________________________________

(уәкілетті орган)

20 ___ жылғы «__» ________ № ____________ бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы ұшуға жарамдылық басқармасының мемлекеттік авиация инспекторы:

Инспектор:_____________________________________________________

(Т.А.Ә., лауазымы)

Ұшуға жарамдылықты сертификаттау бағдарламасы бойынша ____________________________________________________ бағалау жүргізді.

(ұйымның атауы)

**Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні**

Актінің қорытынды бөлігінде пайдалану құжаттамасының, оның ішінде азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламентінің) талаптарына, сонымен бірге әуе кемесінің және оның құрал-жабдықтарының көрсетілген ұшу түрлеріне ( халықаралық, ішкі), әуе тасымалдау түрлеріне және/немесе авиациялық жұмыстарға сәйкестігі (сәйкессіздігі) көрсетіледі.

Төраға: ____________________________ ___________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

Комиссия мүшелері: ________________ ____________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

_________________ ____________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

Актімен таныстым:

Ұйымның басшысы ____________________ ___________________________

(Т.А.Ә.) (қолы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

**«Авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:
авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды;
авиациялық жұмыстарды орындауға куәліктің телнұсқасын беру – күнтізбелік 10 (он) күн;
2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік (телнұсқасын) беру.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз және (немесе) электрондық түрде.
7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.
Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттағаны үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен

және мөлшерлерде алым алынады.
Штат санына байланысты авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттағаны үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:
50 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 743 айлық есептік көрсеткіш;
51 адамнан 200 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 831 айлық есептік көрсеткіш;
201 адамнан 400 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 871 айлық есептік көрсеткіш;
401 адамнан 600 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 918 айлық есептік көрсеткіш;
601 адамнан 1200 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 962 айлық есептік көрсеткіш;
1201 адамнан 2000 адамды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 1006 айлық есептік көрсеткіш;
2001 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 1057 айлық есептік көрсеткіш.
Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.
Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.
2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттағаны үшін алымның төленгенін растайтын құжат;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) өтініш беруші жарғысының және құрылтай шартының көшірмелері;

5) өтініш берушінің мынаны:

өтініш беруші қызметінің негізгі орнын;

ұшудың болжамды түрлерін;

ұшу жұмысын ұйымдастыруды;

ұшу жарамдылығын қолдау жүйесін;

ұшуды қамтамасыз етуді;

ұшу персоналының және техникалық персоналдың әзірлігін;

техникалық қызмет көрсету объектілерінің әзірлігін;

әуе кемелерінің әзірлігін қамтитын ақпараты;

6) басқарма құрылымы және лауазымы, Т.А.Ә., білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі көрсетілген жауапты адамдар;

7) мынадай:

ұшу қызметі;

ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция;

ұшу жарамдылығын қолдау жөніндегі;

сапаны бақылау жөніндегі;

авиациялық қауіпсіздік жөніндегі;

персоналды даярлау жөніндегі басшылар тағайындалғанын растайтын құжаттар;

8) типі, моделі, сериясы, ұлттық және тіркеу белгілері, ұшуға жарамдылық сертификаттары, радиостанцияларға арналған рұқсаттар, жергілікті жердегі (егер көзделген болса) шуыл бойынша сертификаттары көрсетілген әуе кемелерінің тізімі. Әуе кемелерін жалға алған жағдайда, жалға алу (лизинг) шарттарын көрсету қажет;

9) ұшу персоналын және жердегі персоналды даярлау мен аттестаттауды

ұйымдастыру жөніндегі ақпарат;

10) ұшуды жүргізу бойынша нұсқаулықтың бір бөлігі болып табылатын немесе жеке құжат ретінде әзірленген персоналды алғашқы даярлау және қайта даярлау жөніндегі бағдарлама (нұсқау);

11) ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқау;

12) техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі пайдаланушы нұсқауы;

13) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламент);

14) сертификатталған ең жоғары ұшу массасы 5700 кг астам әуе кемелерін пайдаланатын пайдаланушылар үшін ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқау;

15) байланыс рәсімдерін (dispatch) қоса алғанда, ұшудың орындалуын басқару және оған бақылауды ұйымдастыру жөніндегі ақпарат;

16) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарына сәйкес міндетті сақтандырудың сақтандыру полистерінің көшірмелері ;

17) пайдаланушының өз авиациялық қызметінің қажетті түрлерін қамтамасыз етуге арналған шарттардың көшірмелері;

18) пайдаланушының басшысы бекітетін әуе кемелерін бояу үлгілері мен мәтіндік сипаттамасы;

19) азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерінің алдын алу жөніндегі шаралар туралы құжаттар;

20) пайдаланушының өзі немесе шарттық негізде жүзеге асыратын ұшу жұмыстарын жерде қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат;

21) жұмыс түрлері көрсетілген, сыртқы ұйымдармен техникалық қызмет көрсету шарттарының тізбесі;

22) сыртқы ұйымдармен ұшуға жарамдылығын қолдауға арналған шарттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәліктің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге негіздемені және бұрын берілген куәлікті (жоғалу (ұрлану) жағдайларынан басқа) қоса бере отырып, еркін нысандағы өтінішті ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөрімен куәландырылады.

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушы авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті (телнұсқасын) алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:
көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;
портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.
Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.
Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.
Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.
Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.
Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде

қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Авиациялық жұмыстарды
орындауға куәлік беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан
Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына
____________________________________
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

## Авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті алуға (ұзартуға) өтінім

1.________________________________________________________________

(авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті алу (қолдану мерзімін ұзарту) мақсатында ________________ сертификаттау жүргізуді (өтініш берушінің толық атауы) сұраймын.

2. Өтініш берушінің ЖСН ________________________________________

3. Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның банк деректемелері: ___________________________________________________________

4. Өтініш беруші заңды тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы) немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері: _________________ ______________________________________________________________________

5. Өтініш берушінің пошталық мекенжайы (нақты): _______________

6. Байланыс телефоны/факс/ электрондық поштаның мекенжайы, АФТН коды: _______________________________________________________________

7. ӘК орналасқан әуеайлақ (алаң): _________________________________

8. Мәлімделетін авиациялық жұмыс түрлері: _______________________

9. Қазақстан Республикасының шегінде немесе одан тыс ұшу өңірлері: ______________________________________________________________

10. Ұшуды бастаудың жоспарланған күні _________________________

### 11. Басқарушы персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы, телефон | Тағайындалуы туралы бұйрық | Білімі | Маманның сертификаты (куәлі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

### 12. Командалық-ұшу, нұсқаушы және ұшу құрамы

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы | Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық | Маманның куәлігі (медициналық қорытындылары) | Жалпы ұшуы | Ұшуға және авиациялық жұмыстарды орында рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

## 13. Инженерлік-техникалық персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық | Маманның куәлігі | Жалпы жұмыс өтілі | Жұмыстарды орындауға рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|

## 14. Шет мемлекеттерде авиациялық жұмыстарды орындау

| Әуе кемесінің типі және борттық нөмірі | Жалға алушы (тапсырыс беруші) | Мемлекет, қала және орналасатын әуежайы | Шарт түрі, нөмірі, кү және қолданылу мерз |
|---|---|---|---|
| | | | |

15. Өтініш беруші:- сертификаттау рәсімдерін орындауға;
- сертификаттық талаптарға сай болуға;
- азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшуды ұйымдастыруға, қамтамасыз етілуі мен орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге міндеттенеді.

______________________________________________________________________

өтініш беруші заңды тұлғаның (басшының лауазымы, Т.А.Ә., қолы)

М.О.

______________________________________________________________________

өтініш беруші жеке тұлғаның Т.А.Ә., қолы

«Авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына

________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

## Электрондық құжат нысанында авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті алуға (ұзартуға) өтінім

1. ЖСН ______________________________________________________
2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы ___________________________________________
3. Өтініш беруші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның банк деректемелері:

___________________________________________________________

4. Өтініш беруші заңды тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы) немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері: _________________

_______________________________________________________________________

5. Өтініш берушінің пошталық мекенжайы (нақты): _______________
_______________________________________________________________________

6. Байланыс телефоны/факс/ электрондық поштаның мекенжайы, АФТН коды : _______________________________________________________________

7. ӘК орналасқан әуеайлақ (алаң): _____________________________

8. Мәлімделетін авиациялық жұмыс түрлері: ____________________

9. Қазақстан Республикасының шегінде немесе одан тыс ұшу өңірлері: _____ _________________________________________________________
_______________________________________________________________________

10. Ұшуды бастаудың жоспарланған күні _________________________

## 11. Басқарушы персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы, телефон | Тағайындалуы туралы бұйрық | Білімі | Маманның сертификаты (куәлі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

## 12. Командалық-ұшу, нұсқаушы және ұшу құрамы

| Лауазымы | Т.А.Ә., туған жылы | Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық | Маманның куәлігі ( медициналық қорытындылары) | Жалпы ұшуы | Ұшуға және авиациялық жұмыстарды орында рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

## 13. Инженерлік-техникалық персонал

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық | Маманның куәлігі | Жалпы жұмыс өтілі | Жұмыстарды орындауға рұқсаты |
|---|---|---|---|---|---|

## 14. Шет мемлекеттерде авиациялық жұмыстарды орындау

| Әуе кемесінің типі және борттық нөмірі | Жалға алушы (тапсырыс беруші) | Мемлекет, қала және орналасатын әуежайы | Шарт түрі, нөмірі, кү қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| | | | |

15. Өтініш беруші:
- сертификаттау рәсімдерін орындауға;
- сертификаттық талаптарға сай болуға;
- азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшуды ұйымдастыруға, қамтамасыз етілуі мен орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

**«Азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті беруші әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі туралы актіні алған сәттен бастап – күнтізбелік 15 (он бес) күн;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойдырып береді.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау үшін алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесінің типін сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері санатына байланысты мыналарды құрайды:

ұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 10 000 айлық есептік көрсеткіш;

тікұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 5 000 айлық есептік көрсеткіш;

басқа ұшу аппараттары үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 1 000 айлық есептік көрсеткіш.

Типті сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру туралы өтінім;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі* немесе анықтама;

3) ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

4) формулярлар;

5) материалдың негізгі өлшемдері мен маркалары көрсетілген негізгі күш тораптарының, оның ішінде қанатын бекіту, тірек тораптарының, қозғалтқыштың, шассидің сызбалары (эскиздері);

6) отын және тежегіш жүйелерінің, электр жабдығының, басқару жүйесінің схемалары;

7) үлгінің фотосуреттері (алдынан, жанынан, артынан);

8) әуе кемесінің үлгісін зауыттық, мемлекеттік және пайдаланууда сынау

нәтижелері;

9) схемалары, жүйелері, негізгі сипаттамалары, үлгі сертификатталатын диапазонда күтілетін пайдалану шарттары мен шектеулерінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы үлгіге қолданылатын ұшуға жарамдылығы нормалары тарауларының, бөлімдері мен тармақтарының, оның ұшуға жарамдылығына қатысты арнайы техникалық шарттардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың тізбесі қысқаша сипатталатын техникалық құжаттама;

10) азаматтық әуе кемесінің типін сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде оны қабылдау күні, тегі, аты, әкесінің аты және құжаттар топтамасын қабылдау уақыты көрсетілген көшірмесіндегі белгі, қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе

Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Азаматтық әуе кемесі үлгісінің сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

## Өтініш

1. Әуе кемесін сертификаттауды және тип сертификатын беруді сұраймын.

Тип ________________________________________________________

Әуе кемесінің мақсаты ________________________________________

Әуе кемесінің жасалған күні ___________________________________

Жасап шығарушының атауы _____________________________________

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Мекенжайы ____________________________________________________

Телефоны: ___________________ Факсы: _____________________________

Электрондық поштасының мекенжайы (ол болған жағдайда) _________

Егер ӘК жасаушы жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты ______________________________________

Егер ӘК жасаушы заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _________________________________________

Басшының тегі, аты, әкесінің аты ___________________________

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны _________________________________________

3. ӘК типінің орналасқан жері ___________________________________

4. Массасы, кг ________________ Орталықтандыру, % САХ ___________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 400 қаулысымен бекітілген

## «Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру – күнтізбелік 70 (жетпіс) күннен аспайды;

азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатының телнұсқасын беру – күнтізбелік 10 (он) күн;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты (сертификат телнұсқасы).

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі келгенде, берілген куәліктерді есепке алу және тіркеу журналына қол қойғызып береді.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда азаматтық авиацияның авиациялық

техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын электрондық құжат нысанында «жеке кабинеттен» алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері оны қолдану саласы және штат санына байланысты мыналарды құрайды:

жекелеген типтегі әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету, оның ішінде ағымдағы жөндеу, ақауларды жою, агрегаттар мен жиынтықтаушы бұйымдарды ауыстыру:

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 346 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 382 айлық көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 400 айлық көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 419 айлық көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 437 айлық көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 455 айлық көрсеткіш;

2) жекелеген типтегі әуе кемелеріне мерзімдік техникалық қызмет көрсету, оның ішінде авиациялық техниканың авиақозғалтқыштарын ауыстыру, оларды ағымдағы жөндеу, авиациялық техникаға маусымдық және арнайы қызмет көрсету, авиациялық техниканы сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету:

10 адамға дейін – алым төленетін күні 418 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 436 айлық есептік көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 454 айлық есептік көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 472 айлық есептік көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 491 айлық

есептік көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 509 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 527 айлық есептік көрсеткіш;

3) зертханалар жағдайында әуе кемелерінің агрегаттары мен жиынтықтаушы бұйымдарына техникалық қызмет көрсету – алым төленетін күні қолданыстағы 218 айлық есептік көрсеткіш;

4) әуе кемелері мен олардың агрегаттарының және жиынтықтаушы бұйымдарының жай-күйін бұзбай бақылау әдісін қолдану – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

5) күрделі жөндеусіз пайдаланылатын әуе кемесінің планеріне, авиақозғалтқыштары мен авиациялық техниканың жиынтықтаушы бұйымдарына бақылау-қалпына келтіру жұмыстары (жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары):

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 236 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 254 айлық есептік көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 272 айлық есептік көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 290 айлық есептік көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 309 айлық есептік көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 327 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 345 айлық есептік көрсеткіш;

6) әуе кемесінің интерьерін жаңарту (қайта жабдықтау) – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

7) әуе кемесін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды және авиациялық техника әзірлеушісінің бюллетеньдері мен құжаттары бойынша пысықтауды орындау – алым төленетін күні қолданыстағы 248 айлық есептік көрсеткіш;

8) әуе кемелерін, авиақозғалтқыштарды және жиынтықтаушы бұйымдарды ( агрегаттарды), оларға жаңа ресурстар (қызмет мерзімдері) орнатып күрделі жөндеу:

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 528 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 546 айлық

есептік көрсеткіш;
41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 564 айлық есептік көрсеткіш;
71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 582 айлық есептік көрсеткіш;
101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 601 айлық есептік көрсеткіш;
151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 619 айлық есептік көрсеткіш;
201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 637 айлық есептік көрсеткіш.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттар қоса берілген осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат;

3) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚЖ) жөніндегі ұйым жарғысының көшірмесі;

4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің*

көшірмесі немесе анықтама;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

5) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның қаржы-экономикалық жай-күйі туралы анықтама;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес АТ ТҚЖ жөніндегі ұйым қызметі жөніндегі нұсқаулық;

7) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның бекітілген құрылымы;

8) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның құрылымдық бөлімшелері туралы ереже;

9) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның штаттық кестесі;

10) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның командалық-басшы құрамы туралы мәліметтер және білімі туралы тиісті құжаттардың көшірмелері;

11) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның командалық-басшы құрамының лауазымдық нұсқаулықтары;

12) авиациялық техника үлгілері бойынша рұқсат ету түрлері мен жұмыстар түрлері көрсетілген АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның инженерлік-техникалық персоналының тізімі;

13) инженерлік-техникалық құрамның қозғалтқыштарды жүргізу және сынап көру рұқсаттары туралы ақпарат;

14) сақтандыру полистерінің және медициналық анықтамалардың қолданылу мерзімдері туралы ақпарат көрсетілген, базадан тыс әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындауға арналған экипаждардың құрамында ұшуларды орындауға жіберілген АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның инженерлік-техникалық құрамы адамдарының тізімі;

15) мәлімделген қызмет саласында қолданылатын АТ ТҚЖ бойынша жұмыс жүзеге асырылатын құжаттардың тізбесі;

16) шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚЖ жөніндегі ұйым қызметін метрологиялық қамтамасыз етуге арналған шарттардың тізбесі;

17) шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген, АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның инженерлік-техникалық құрамына техникалық оқу өткізу мен біліктілігін арттыруға арналған шарттардың тізбесі;

18) шарттың мәні мен қолданылу мерзімі көрсетілген жалға алынатын құрылыстар мен жерде қызмет көрсету құралдарын пайдалануға арналған шарттардың тізбесі;

19) шарттар бойынша ұйым АТ ТҚЖ жөніндегі қызметтерін көрсететін азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылар тізімі;

20) шарттар бойынша қосалқы мердігер ұйымдардың тізбесі.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатының телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге негіздеме және бұрын берілген куәлікті (ұрлану (жоғалу) жағдайларынан басқа) және қызметтік тексеру материалдарын қоса бере отырып, еркін нысандағы өтінімді ұсынады.

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушы азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатын (телнұсқасын) алу үшін осы тармақта тізбеленген құжаттарды электрондық түрде қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттардың топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: kga_info@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-26-05.

Шағым пошта арқылы не жұмыс күндері жазбаша нысанда көрсетілетін

қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Заңды тұлғаның шағымында – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mtc.gov.kz («Азаматтық авиация комитеті» бөлімінің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндеу (АТ ТҚЖ) жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімнің үлгі нысаны**

1. АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның атауы ______________________________
2. Ұйымның тіркелген жері және тіркеу нөмірі (шифры) __________
3. Өндірістік базаның орналасқан жері: __________________________
4. Пошталық мекенжайы __________________________________________
5. Телефон ______________________________________________________
6. Телеграф _____________________________________________________
7. Факс _________________________________________________________
8. Есепшоты _____________________________________________________
9. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____________________________
10. Электрондық мекенжайы ______________________________________
11. Өтінім беру себебі (қажеттісінің астын сызыңыз):
1) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған алғашқы өтінім ;
2) АТ ТҚЖ бойынша жұмыс түрлерінің (кешендерінің) тізбесін толықтыру;
3) авиациялық техника типтерінің тізбесін толықтыру;
4) кезекті мерзімге арналған сертификаттау;
5) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын кері қайтарып алғаннан/күшін жойғаннан кейінгі сертификаттау;
6) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту;

7) басқа себептер (көрсету).

12. Өтінімнің мазмұны

Мен, төменде қол қойған, ________________________________________

(ұйым басшысының Т.А.Ә.)

________________(күні)___________________ бекітілген (тіркелген) Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды мынадай авиациялық техникада төменде көрсетілген қызмет түрін орындау құқығына сертификаттау жүргізуді сұраймын:

| ӘК, қозғалтқыштың,АТ бұйымының типі | Қызмет нысаны | | |
|---|---|---|---|
| | ТҚ жедел түрлері ( көрсету) | ТҚ кезеңдік түрлері (көрсету) | Жұмыстардың басқа түрлері (көрсету) |
| | | | |

13. Өтінім беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнаманың талаптарын мойындайды және оларды орындауға міндеттенеді.

14. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты басшылық құрам:

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы |
|---|---|---|
| АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның басшысы | | |
| Сапаны бақылау (кепілдік) жөніндегі бөлімшенің басшысы | | |

«Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Электрондық құжат нысанындағы өтініш

1. АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның атауы ________________________________

2. Ұйымның тіркелген жері және тіркеу нөмірі (шифры) ___________

3. Өндірістік базаның орналасқан жері: ___________________________

4. Пошталық мекенжайы ___________________________________________

5. Телефон _________________________________________________________

6. Телеграф ________________________________________________________

7. Факс ___________________________________________________________

8. Есепшоты ________________________________________________________

9. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) ___________________________

10. Электрондық мекенжайы ______________________________________

11. Өтінім беру себебі (қажеттісінің астын сызыңыз):

1) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған алғашқы өтінім ;

2) АТ ТҚЖ бойынша жұмыс түрлерінің (кешендерінің) тізбесін толықтыру;

3) авиациялық техника типтерінің тізбесін толықтыру;

4) кезекті мерзімге арналған сертификаттау;

5) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын кері қайтарып алғаннан/күшін жойғаннан кейінгі сертификаттау;

6) АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту;

7) басқа себептер (көрсету).

12. Өтінімнің мазмұны

Мен, төменде қол қойған, ______________________________________

(ұйым басшысының Т.А.Ә.)

_______________(күні)__________________ бекітілген (тіркелген)

Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды мынадай авиациялық техникада төменде көрсетілген қызмет түрін орындау құқығына сертификаттау жүргізуді сұраймын:

| ӘК, қозғалтқыштың,АТ бұйымының типі | Қызмет нысаны | | |
|---|---|---|---|
| | ТҚ жедел түрлері ( көрсету) | ТҚ кезеңдік түрлері (көрсету) | Жұмыстардың басқа түрлері (көрсету) |
| | | | |

13. Өтінім беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнама талаптарын мойындайды және оларды орындауға міндеттенеді.

14. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты басшылық құрам:

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы |
|---|---|---|
| АТ ТҚЖ жөніндегі ұйымның басшысы | | |
| Сапаны бақылау (кепілдік) жөніндегі бөлімшенің басшысы | | |

«Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымының қызметі бойынша нұсқау**

Кіріспе

1. Мазмұны;

2) Тақырыбы және саласы;

3) Қолданыстағы парақ тізбесі;

4) Ревизиялар/толықтырулар тізбесі;

5) Тарату парағы;

6) Пайдаланылатын қысқартулар.

2. Басқару

1) Жауапты басшының өтініші;

2) Қауіпсіздік және сапа саясаты;

3) Басқару персоналы;

4) Басқару персоналының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері;

5) Ұйымды басқару құрылымы;

6) Рұқсат ететін персонал тізілімі;

7) Ұйым жұмысшылары құрамының сипаты;

8) Сертификатта көрсетілген ұйымдар мекенжайларының әрқайсысында орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаты;

9) Техникалық қызмет көрсету бойынша (әуе кемелеріне және құрауыштарына) орындалатын жұмыс көлемі;

10) Ұйымдағы өзгерістер туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органды хабардар ету рәсімі;

11) Нұсқауға өзгерістер енгізу рәсімдері.

3. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі рәсімдер

1) Өнім берушілерді бағалау және қосалқы мердігерді қадағалау рәсімдері;

2) Сыртқы өнім берушілерден әкелінетін ӘК құрауыштары мен материалдарын қабылдау және тексеру;

3) АТ техникалық қызмет көрсетуге арналған құрауыштар мен материалдарды сақтау, таңбалау және беру;

4) Құралдар мен жабдықтарды қабылдау;

5) Құралдар мен жабдықтарды калибрлеу;

6) Персоналдың баламалы құралдар мен жабдықтарды қоса алғанда, құралдар мен жабдықтарды пайдалануы;

7) Техникалық қызмет көрсету объектілерінде тазалық сақтау нормалары;

8) Техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтар және олардың ӘК/ӘК құрауыштарын шығарушылардың нұсқаулықтарына сәйкестігі, жаңартылуын

және техникалық персонал үшін олардың болуын қоса алғанда;
9) Жөндеу бойынша рәсімдер;
10) Пайдаланушының ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаға сәйкес келуі;
11) Ұшуға жарамдылық директиваларын орындау рәсімдері;
12) Міндетті емес түрлендіруді орындау рәсімі;
13) Техникалық қызмет көрсету бойынша пайдаланылатын құжаттар және оларды толтыру;
14) Техникалық қызмет көрсету жазбаларын бақылау (деректерді есепке алу);

15) Базалық техникалық қызмет көрсетуді жүргізу барысында анықталған ақауларды жою;
16) Техникалық қызмет көрсетуден кейін пайдалануға қайта енгізу рәсімі;
17) Пайдаланушының құжаттамасындағы жазбалар;
18) Ақаулар жөнінде құзыретті пайдаланушыға/үлгі сертификатын ұстаушыға хабарлау;
19) ӘК жарамсыз құрауыштарын қоймаға қайтару;
20) Сыртқы өнім берушілердің ақаулы құрауыштары бойынша іс-қимыл;
21) Электронды түрде сақталатын есептік деректерді бақылау;
22) Техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарланған жұмысқа қарасты адам-сағатты жоспарлауды бақылау;
23) Техникалық қызмет көрсетудегі қиын жұмыстарды бақылау;
24) Техникалық қызмет көрсету жөніндегі ерекше жұмыстарды жүргізу жөніндегі рәсім бойынша мынадай ақпарат:
қозғалтқыштарды сынау рәсімдері;
ӘК герметикасын тексеру рәсімдері;
ӘК сүйрету рәсімдері;
ӘК рульдеу бойынша рәсімдер;
құрауыштар мен материалдарды кәдеге жарату;
25) Техникалық қызмет көрсету барысында жіберілген қателерді табу және түзету рәсімдері;
26) Ауысым арасындағы жұмыстарды тапсыру рәсімдері;
27) Үлгі сертификатын ұстаушыға техникалық қызмет көрсету барысындағы нақты емес және екіұшты деректер жөнінде ақпарат беру рәсімдері;
28) Өндірісті жоспарлау рәсімдері.
4. Жедел техникалық қызмет көрсету бойынша қосымша рәсімдер
1) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі құрал-саймандарды, ӘК құрауыштарын бақылау;
2) Жерүсті қызмет көрсетуге, отын құюға, мұздануға қарсы арнайы

сұйықтықтардың шөгінділерінен тазартылуын тексеруді қоса алғанда, мұздануға қарсы жұмыстарға байланысты жедел техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі рәсімдер;

3) Жедел техникалық қызмет көрсету барысында кемшіліктерді және қайталанатын ақауларды бақылау;

4) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде борттық журналды толтыру рәсімі;

5) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде келісілген және қарызға алынған қосалқы бөлшектерді жеткізу рәсімі;

6) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі әуе кемесінен алынған ақаулы қосалқы бөлшектерді қайтару рәсімі;

7) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі күрделі міндеттерді бақылау рәсімі.

5. Сапа жүйесінің рәсімдері

1) Техникалық қызмет көрсету аудитін ұйымдастыру рәсімдері;

2) ӘК және құрауыштарының аудиті;

3) Аудит кезінде анықталған кемшіліктерді (ақауларды) жою рәсімі;

4) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персоналға біліктілік беру және оны оқыту рәсімдері;

5) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персонал бойынша есептік деректер;

6) Сапа жүйесінің аудиторлары;

7) Инспекторлардың (қосалқы тексеруді қажет ететін жұмыстарды тексеретін) біліктілігін бақылау;

8) Техникалық қызмет көрсету және жөндеу маманының біліктілігін бақылау;

9) Техникалық қызмет көрсету бойынша көзделген техникалық қызмет көрсету көлемінен ауытқу процесін басқару;

10) Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру рәсімдерінен ауытқу рұқсаттарын бақылау;

11) Дәнекерлеу сияқты мамандандырылған жұмыстарға арналған біліктілік рәсімі, ыдыратпайтын бақылау;

12) Жасап шығарушы зауыттың және басқа да сыртқы орындаушылардың техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын бақылау;

13) Адами фактор бойынша оқыту рәсімі;

14) Персоналдың құзыреттілігін бағалау.

6. Техникалық қызмет көрсетудің орындалуы

1) Келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын пайдаланушылар тізбесі;

2) Пайдаланушының рәсімі және оның құжаттарымен жұмыс;
3) Пайдаланушының техникалық құжаттамасын толтыру.

7. Қосымша мәліметтер

1) Құжаттардың үлгілері;
2) Қосалқы мердігерлердің тізімі;
3) Жедел техникалық қызмет көрсету станцияларының тізімі;
4) Келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын пайдаланушылар тізімі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 сәуірдегі
№ қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 71, 1027-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 507 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 34, 505-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 21-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 533 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 35, 518-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 2 шілдедегі № 760 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер

енгізу туралы" 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 карашадағы № 1257 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді ұйымдастыруын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 9 маусымдағы № 646 және « Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1308 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 маусымдағы № 674 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1311 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

7. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 25 тамыздағы № 962 және « Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 1392 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 318 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1424 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидасын бекіту туралы» 2010 жылғы 18 қазандағы № 1069 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1426 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

10. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Сертификаттау және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру қағидасын бекіту туралы» 2010 жылғы 18 қазандағы № 1070 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1431 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

11. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 440 және «Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1432 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК